Сыр бойы

18 ақпан сейсенбі | 2014 жыл №25 (18719) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz

ӨТКЕН ЖЫЛ – ӨРЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ӨРНЕК САЛҒАН ЖЫЛ

4-5 бетте

СЫР ЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ИГІЛІГІН ИЕЛЕНУДЕ



8 бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2013 жылы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары, мақсаты және міндеттері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауына сәйкес айқындалды.

Маңызды басымдықтар ретінде тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарды дамыту, облысты газдандыру, сондай-ақ, білім беру, денсаулық сақтау жүйелерін және халықты әлеуметтік қорғауды дамыту белгіленді.

Өнір экономикасының тұрақты даму үрдісі сақталуда.

Өндіру өнеркәсібінде жоғары өсу қарқыны байқалды. Осылайша, 2013 жылы өндіріс көлемі 19,3 пайызға өскен (*республика рейтингісінде – 3-орын*), бұл көрсеткіш республика бойынша орта есеппен 101,6 пайызды құрап отыр.

Өнеркәсіп өндірісінің құрылымында 93 пайыздық үлесті алып отырған тау-кен саласындағы өндірістің 0,6 пайызға төмендеуіне қарамастан (*мұнай өндіру көлемінің жоспарлы төмендеуі себебінен*), өнеркәсіп өнімдері өндірісі көлемінің өсімі 2012 жылға қарағанда 100,1 пайызды қамтамасыз етті.

2013 жылдың қорытындысы бойынша облыс негізгі капиталға инвестициялар тартудың жоғарғы қарқынын көрсетіп отыр-140 пайыз (*өңірлер рейтингісінде – 2-орын*). Жалпы, өнір экономикасына 370 млрд. теңге инвестиция тартылды.

270 мың шаршы метрден аса тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жалпы алғанда, құрылыс жұмыстарының көлемі 2012 жылдың деңгейімен салыстырғанда 16,7 пайызға артып, 150 млрд. теңгеден асты (*өсу қарқыны бойынша өңірлер рейтингінде – 4-орын*).

Шағын және орта бизнесте оң даму қарқыны байқалды: белсенді бизнес субъектілерінің саны 12,7 пайызға, онда жұмыспен қамтылғандар саны 6 пайызға өсті. Өндірілген өнім көлемі 249 млрд. теңгені құрады (*100,9 пайыз*).

Нәтижесінде, 2013 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен түскен салықтық түсімнің көлемі 15 пайызға өсті.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 48 млрд. теңгені құрап, 2012 жылға қарағанда 100,8 пайыз болды.

Облысымыз тұтыну тауарлары мен қызметтерге бағаларды тиімді ұстап тұратын өңірлердің қатарына кірді-103,7 пайыз. Бұл көрсеткіш республика бойынша -104,8 пайыз (*облыстар рейтингісінде - 2-орын*).

Есепті мерзімде жұк айналымы 2,2 пайызға, тасымал көлемі 7,9 пайызға артты.

Бөлшек сауда көлемі 15,2 пайызға өсті. 2013 жылдың қаңтар-қарашасында сыртқы сауда айналымы 5,1 млрд. АҚШ долларын құрап, 2012 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,1 пайызға артты. Оның ішінде экспорт 4,9 млрд. АҚШ долларын *(2012 жылдың осы кезеңіне 110,0 %)*, импорт 245,0 млн. АҚШ долларын құрады.

Нақты секторда өндірістің дамуы, шағын бизнестің дамуы және жаңа әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру есебінен 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылды. Жұмыссыздық деңгейі жыл бойы орташа республикалық көрсеткіш деңгейінде тұрақталып, 2012 жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда 0,1 пайызға төмендеп, 5,2 пайызды құрады. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің 0,2 пайызға төмендеу үрдісі байқалуда.

Табыс мөлшерінің өмір сүру шегінен төмен өмір сүріп отырған азаматтар саны 61 %-ға төмендеді.

Жыл ішінде орташа айлық жалақы 4,5 %-ға артып, 97 771 теңгені құрады. Жан басына шаққандағы ақшалай табыс мөлшері 3,9 %-ға артты.

Бюджет

Жыл ішінде шоғырланған бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерден түскен түсім 597 млрд. теңгеге жетіп, 2012 жылмен салыстырғанда 102 млрд. теңгеге артты.

2013 жылы салық базасын кеңейту және кәсіпкерлік қызметін заңдастыру (легализация) жұмыстарының нәтижесінде республикалық бюджетке 99,7 млрд. теңге түсіп, 2012 жылға қарағанда 2,5 есеге артты. Оның ішінде республикалық бюджетке 52,8 млрд. теңге немесе 37 пайызға өскен (15,6 млрд. теңгеге). Жергілікті бюджет - 46,9 млрд. теңге, 2012 жылғы көрсеткіштен 5,8 пайызға (16,1 млрд. теңгеге) артқан.

Облыс бюджеті 2013 жылы 179 млрд. теңгеге жетіп, 2012 жылмен салыстырғанда 39 млрд. теңгеге ұлғайған.

Сонымен қатар, даму бюджеті 2012 жылға қарағанда 18,2 млрд. теңгеге немесе 44 пайызға артқан.

Облыс бюджеті 2013 жылы әлеуметтік бағытталуын сақтап қалды. Облыс бюджетінің 57 пайызы әлеуметтік саланың дамуына, оның ішінде 32 пайызы-білімге, 16,3 пайызы денсаулық сақтау саласына бағытталды.

Сонымен бірге, білім саласындағы шығыстар 57,3 млрд. теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 1,7 млрд. теңгеге (8 пайызға) көбейді. Денсаулық сақтау саласындағы шығыстар 29,1 млрд. теңгені құрап, 8 млрд. теңгеге (41,3 пайызға), тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы саласында 25,5 млрд. немесе 9,6 млрд. теңгеге (62,4 пайызға) артты. Көлік және коммуникация саласындағы шығыстар 4,3 млрд. теңгеге артып (83,3%), 9,9 млрд. теңгені құрады. Мәдениет және спорт саласындағы шығыстар 1,2 млрд.теңгеге (20,3 пайызға) артып, 8,3 млрд. теңгені құрады.

Бюджеттің жан басына шаққандағы шығысы бойынша облыс республика көлемінде төртінші және әлеуметтік салаға шығыстар бойынша екінші орында тұр.

Жан басына шаққандағы шығындар көлемі орташа республикалық көрсеткіште 192,9 мың теңге болса, Қызылорда облысы бойынша ол 237,6 мың теңгені, оның ішінде әлеуметтік салада 142 мың теңгені құрады. Республика бойынша орташа көрсеткіш 104 мың теңге.

Салалар бойынша:

білім саласында – халықтың жан басына шаққанда 81,2 мың теңге, республика бойынша орташа 55,2 мың теңге;

денсаулық сақтау саласында – халықтың жан басына шаққанда 39,9 мың теңге, республика бойынша орташа 31,2 мың теңге;

әлеуметтік қорғау саласында – халықтың жан басына шаққанда 9,1 мың теңге, республика бойынша орташа 6,8 мың теңге;

мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласында - 11,5 мың теңге, республика бойынша орташа 10,2 мың теңге.

Талдау көрсеткендей, өткен жылы облыс соңғы 5 жылдағы бюджет қаржысын игеруде ең жоғарғы көрсеткішті қамтамасыз ете алды.

Банк саласы

2013 жылы облыстағы екінші деңгейлі банктер 113,8 млрд. теңге несие берген, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 25,5 млрд. теңгеге (29%) артық. Оның 31,1 млрд. теңгесі заңды тұлғаларға берілген, оның ішінде 10,1 млрд. теңге шағын бизнес субъектілерін қолдауға бағытталды, бұл 2012 жылға қарағанда 115 млн. теңгеге артық.

Жеке тұлғалар алған несиелер - 82,7 млрд. теңге.

Халықтың екінші деңгейлі банктерге сенім артуының дәлелі халықтың екінші деңгейлі банктерге ақша салымының артуынан көрінеді. Мәселен, 2014 жылдың 1 қаңтарына халықтың ақша салымының көлемі 34,8 млрд. теңге болса, 2012 жылдың қорытындысы бойынша 28,5 млрд. теңгені құраған.

2013 жылы облыста Евразия және «Home Kredit» банктерінің филиалдары жұмысын бастады. 2014 жылдың сәуір-мамыр айларында «Ресей Сбербанкі» АҚ-ның Қызылорда филиалы жұмысын бастайтын болады. Бұл өз кезегінде халыққа, ірі және орта кәсіпорындарға, кіші және орта бизнес субъектілеріне ұсынылатын банк қызметтері жиынтығының кеңеюіне септігін тигізеді.

Индустриялық-инновациялық даму

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында айқындалған міндеттерге сәйкес индустриялық-инновациялық даму ұлттық экономикалық дамудың маңызды басымдығы болып табылады.

Қазақстанның Индустрияландыру картасы аясында облыста жалпы 151,7 млрд. теңгені құрайтын 24 жоба іске асырылуда, оның ішінде, өңірлік карта аясында құны 132,9 млрд. теңгені құрайтын 23 жоба, республикалық картада құны 18,8 млрд. теңгені құрайтын 1 жоба.

Өңірлік картаны іске асыру кезеңінде 23 жобаның ішінде құны 78,4 млрд. теңгені құрайтын 14 жоба іске қосылды. Шамамен 800-дей жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде, 2013 жылы Жаңақорған ауданындағы «СКЗ-U» ЖШС күкірт қышқылы зауыты жанындағы қуаттылығы 18,5 мвт энергокешен, Қармақшы ауданында «Дорстрой» ЖШС «Батыс Европа-Батыс Қытай» авто-магистралі бойындағы «Қорқыт ата зиярат етушілер орталығы» іске қосылды.

2013 жылдың қорытындысымен іске қосылған 14 өндірістің 13-і жоспарлы қуаттылыққа шықты. Бұл көрсеткіш бойынша облыс (93%) республика өңірлерінің арасында бірінші орынды иеленді (Қазақстан Республикасы бойынша - 69%).

Есепті кезең ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 65,4 млрд. теңгені құрады немесе 2012 жылға қарағанда 119,3%.

Өңдеу өнеркәсібіндегі 1 адамға шаққандағы еңбек өнімділігі 15,2 мың АҚШ долларын құрады. Осы көрсеткіш бойынша 2012 жылмен салыстырғанда 90,6% өсімге қол жеткізілді (республика бірінші орын).

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2013 жылы келесі жобаларға қаржы бөлініп, толық игерілді:

- «Томат өнімдерін өндіру» жобасына қосымша электр жүйесі мен электрподстанциясын орнату;

- «Құрама жем шығару зауыты» жобасына электр, су, газ, көріз жүйесін жеткізу.

Бұл өндірістерді 2014 жылы іске қосу жоспарлануда.

Қызылорда қаласындағы шыны шығаратын зауыт құрылысын бастауға мақсатты түрде жұмыстар жүргізілуде. Осы нысан орналастын индустриалдық аймаққа (50 га) инженерлік инфрақұрылым әкелінуде.

Алдағы 2014 - 2018 жылдары Индустрияландыру картасына құны 74 млрд. теңгені құрайтын 10 инвестициялық жоба іске қосылады деп күтілуде.

Өндірісті жаңғырту есебінен 2 кәсіпорынның қуаттылығын ұлғайту жоспарлануда:

- «Арал тұз» АҚ техникалық және ас тұзы өндірісі;

- «Хуа Ю интернационал в Кызылорде» ЖШС мұнай-газ саласында пайдаланылатын химиялық реагенттер өндірісі.

Сонымен бірге, 2013 жылы Қызылорда қаласында және аудандарда жалпы құны 1,1 млрд. теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба іске асырылды және 218 жаңа жұмыс орны ашылды.

Ағымдағы жылдың басында ескі автомашина дөңгелектерін қайта өңдеу, алынған шикізаттан топырақасты суғаруға арналған құбырларын өндіру және қайта өзірлеу бойынша инновациялық жоба жүзеге асырылды. Сонымен бірге, резеңке шиналарды өңдеу өнімі - белсенді резеңке ұнтағы асфальттің қолданылу қасиетін арттыру үшін асфальтті бетон өзірлеуге қолданылады.

2014 жылы қуаттылығы жылына 60,0 мың тонна ақтас шығару («Шиелі тас оңтүстік» ЖШС), Жалағаш ауданында қызылмия тамырын өндіру бойынша фармацевтикалық зауыттар («БИС групп» ЖШС) іске қосылатын болады.

Индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру жұмыстары «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ тарапынан да жүргізіліп жатқанын атап өту керек.

«Заманауи жоғары тиімді технологияларды қолдану арқылы ауыз су және техникалық су тазалайтын мембрандық қондырғы шығаратын жинақтау зауытының құрылысы» және «Solitac сополимерді жабын жаңа технологияны енгізу арқылы автомобиль жолдарының құрылысы» жобаларын іске асыру мақсатында «Water LAB KZ» ЖШС-мен бірігіп «КазРос-Инновация» ЖШС біріккен мекемесі жасақталды. Жаңақорған ауданының 6 ауылдық округінде мембрандық тазарту қондырғыларды орнатуды көздеген пилоттық жоба іске асырылды.

Белград зауытымен (Сербия) бірлесіп әмбебап дөңгелекті тракторларды жинақтау өндірісі басталды. 2013 жылы зауыттан 15 трактор шығарылды.

2014 жылы өнірде жоғары технологиялық запорлы арматура өндірісі мен сорғы, электр қозғалтқышы, мойынтірек және басқа да тау-кен компаниялары үшін өндірістік тізімдемелер мен ҚР-ның мұнай-газ секторымен, жылжымалы құрамын жинақтайтын және қосалқы бөлшектері мен машина құрылысының зауытын орналастыру жоспарлануда. Аталған жобаны жүзеге асыру мақсатында «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ мен «КТЖ» ҰК» АҚ арасында Меморандумға қол қойылды

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІ ЕСЕП БЕРЕДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2013 жылғы 15 тамыздағы №615 Жарлығына сәйкес, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев 2014 жылғы 19 ақпанда сағат 11.00-де Н.Бекежанов атындағы драма театрда халық алдында есеп береді.

ҮКІМЕТ

Қазақстанда валюта айырбастау бағамын түзету салдарынан импорт үлесі төмендейді, деп хабарлады ҚР Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан Смайылов ОКҚ брифингінде.

2014 ЖЫЛЫ ИМПОРТ ҮЛЕСІ ТӨМЕНДЕЙДІ

«Біздің есебіміз бойынша ішкі нарықтағы импорттың үлесі өткен жылдың қорытындысы бойынша 37% құрайды. Ал, бұл үлес биылғы бағам өзгеруіне орай төмендейтін болады», – деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, Үкіметтің жергілікті атқарушы органдармен және Ұлттық Банкпен қолданатын шаралары инфляция деңгейін 6-8% шегінде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

«Тұрақтандырма қорларының жұмысын жандандыру бойынша тапсырмалар жергілікті атқарушы органдарға берілді. Сондай-ақ жанар-жағармай материалдарының бағаларын бақылау күшейтілді. Бұдан өзге, экономикалық саясат бойынша Кеңес өткен жылдар деңгейінде 1,2 пайыздық пункт шегінде ТКШ реттелмелі қызметтердің салымы бойынша шекті бекітті», – деп басып айтты ол.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

Облыстың экономикалық және әлеуметтік дамуының басымдықтары, мақсат-міндеттері Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауына, сонымен қатар Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясына сәйкес айқындалған.

Іс-қимыл жоспарының мақсаты – аймақтық экономиканың өсуін қамтамасыз ету, адамдардың әлеуметтік көңіл-күйін жақсарту.

2014 жылдың маңызды басымдықтары болып шағын кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау, апатты жағдайдағы мектептердің мәселесін шешу, тұрмыстық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде облысты газдандыру болып табылады.

Бірінші. Аймақ өнеркәсібін әртараптандыру

Аймақ экономикасы дамуының басым бағыты болып өнеркәсіп өндірісін әртараптандыру болып қала бермек.

Осы жылы жүзеге асатын жобалар:

«Шиелі тас Оңтүстік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әк шығару зауытын іске қосу.

Қызылорда қаласында табақша әйнек шығару зауыты құрылысын және Жаңақорған ауданында цемент зауытының құрылысын бастау.

«Шиелі ауданы «Баласауысқандық» кенішіндегі қара тақта тасты автоклавты қайта өңдеу» жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыру. «Баласауысқандық» кен орнындағы, «Фирма Балауса» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында ферро-

ванадий өндірісі бойынша зауытты қайта жаңғыртуға ықпал ету. «КазАтомПром» Ұлттық Атом Компаниясы» акционерлік қоғамы, «Фирма-Балауса» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және «Байқоңыр» ӘКК» Ұлттық Компаниясы акционерлік қоғамымен бірлесіп ванадийлік аккумуляторлар өндірісінің құрамдас бөлігі - бес оксидті ванадий электрқұймасын өндіру зауытын қайта жаңғыртуға ықпал ету.

«Қазақстан Темір жолы Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы, «КазАтомПром» Ұлттық Атом Компаниясы» акционерлік қоғамы, металлургиялық, тау-кен және мұнай-газ өнеркәсіптерінің қажеттіліктері үшін қосымша бөлшектер, сонымен қатар гидравликалық, пневматикалық қондырғыларды және тиекті темір арқауларын өндіретін кәсіпорындар құру мәселесін пысықтау.

«Аралтұз» акционерлік қоғамында шығарылатын ас және техникалық тұзды Қызылордадағы «Хуа ю Интернационал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен мұнай-газ саласында пайдаланылатын химиялық реагенттерді шығару бойынша өндірістерді қайта жаңартуға ықпал ету.

Гипсокартон және басқа да құрылыс материалдарын шығару мәселесін зерттеу.

Аймақтың шикізаттық әлеуетін толығымен пайдалану мақсатында:

кең таралған пайдалы қазбаларға қолданыстағы зандылықтарға сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруді қамтамасыз ету;

Шиелі ауданының «Баласауысқандық» ванадий кен орнында сирек кездесетін металдарды шығару жұмыстарын бастау;

Құрымсақ теліміндегі ванадий, Байжарқын алаңындағы мыс, алтын және ілеспе компоненттерін, Сырдария теліміндегі темір және полиметалл кені, Дарбаза, Иіркұдық және Мыңқұдық теліміндегі мыс, Приаральное кен орнындағы темір кендер қорын іздеу-бағалауға дайындық жұмыстарын бастау;

Қарамұрын-Мыңбұлақ кен торабының батыс қанатындағы және Ақжар кен алқабында мырыш, қорғасын, алтын және мыс іздестіру-бағалау жұмыстарын жалғастыру.

Өндіру секторының тиімділігін арттыру үшін әлсіреп бара жатқан орындардағы геологиялық қорларды терендеп игерудің заманауи әдістерін пайдалану.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен бірлесіп кен өндірудің көлемін жылына 4 млн. тоннаға дейін ұлғайту есебімен, сонымен қатар жаңа металлургиялық кешен мен қойма құрылысын салуды ескере отырып, Жаңақорған ауданының «Шалқия» кен орнын игерудің техника-экономикалық негіздемесіне дайындық жұмыстарын жалғастыру.

«КазАтомПром» Ұлттық Атом Компаниясы» акционерлік қоғамымен бірлесіп уран өндіруді ұлғайту және уранды өндіру мен өңдеу зауытының құрылысын салу мәселесін пысықтау.

Облыстың индустриалды-инновациялық дамуына жағдай жасау, оның ішінде:

«Байқоңыр» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы басымды инвестициялық жобаларға қатысу;

6-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Аймақ экономикасына инвестицияларды тарту, өңірдің қолайлы инвестициялық имиджін және қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру мақсатында 2 инвестициялық форум өткізілді.

2013 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының, даму институттарының, елшіліктер өкілдері және шетелдік кәсіпкерлер мен әлеуетті инвесторлардың қатысуымен **«Байқоңыр» І инвестициялық форумы** өткізілді. Форум аясында түрлі салалар бойынша 5 меморандумға қол қойылды.

2013 жылдың 13-14 қарашасында Қызылорда қаласы мен Байқоңыр **«Байқоңыр» ІІ инвестициялық форумы** өткізілді. Форумда индустриялық-инновациялық даму, металлургиялық кластер құру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту, ауыл шаруашылығы саласын, туризмді, сондай-ақ, білім саласын дамыту және т.б. бойынша ынтымақтастық туралы 20 меморандумға қол қойылды.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында металлургиялық кластер құру жоспарлануда.

Облыс әкімдігінің бастамасымен минералдық-шикізаттық базаны дамыту және геологиялық барлау жұмыстарына инвестиция тарту жұмыстары басталды.

Атап айтқанда, 2011 жылдан бастап облыста «Фирма Балауса» ЖШС «Баласауысқандық» кенішінде қара тақта тасты автоклавты өңдеу» жобасын жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда тәжірибелік-өндірістік кәсіпорнында химиялық жолмен кен байытудың жаңа үлгісі қолданылуда. Жаңа технология бойынша 13 патент алынған.

Кәсіпорын қарқынды дамуда, болашақта ванадий өндірісі айналасында ілеспелі жоғары қосылған құнымен мынадай түрлі жаңа өндіріс орындарын ашудың мүмкіндігі бар:

• Сұйық-калийлі тыңайтқыштар шығару, жер қыртысын тұзсыздандыруға арналған үлкен тоннады сорбенттер шығару зауыты;

• Ферроқорытпа шығару зауыты («Қызылорда қаласындағы арнайы және кешенді қорытпа шығаратын ферроқорытпа зауытының құрылысы» жобасына техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға облыстық бюджеттен 155,0 млн. теңге бөлінді). Қазіргі таңда әлеуетті серіктестермен бірге біріккен кәсіпорын құру және оны қаржыландыру құрылымы, сондай-ақ, арнайы және кешенді қорытпалар өндіру бойынша ферроқорытпа зауытының құрылысы мәселелері қарастырылуда, сонымен бірге, келесі жобалар әзірленетін болады:

- Құрылыс материалдарын шығару зауыты;
- Кремний карбидін шығару зауыты;
- Аморфты кремний шығару және тазарту зауыты;
- Серобетон шығару зауыты;
- Ауыз суды ыдысқа құюға арналған зауыт;
- Газтурбиналық электр стансасы;
- Газдандыру стансасы және көмірмен жұмыс істейтін станса;
- VRB аккумуляторлар шығару зауыты.

Қызылорда облысы әкімдігі мен «Ningxia Baota Petrochemical Technology Industrial Development Co., Ltd» компаниясы арасында «Инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша бірлескен қызмет туралы» келесі Меморандумға қол қойылды:

- *Металлургиялық кластерді құру және дамыту;*
- *Машина құрылысы зауытын ұйымдастыру;*
- *Мұнай өңдеу зауытының құрылысы.*

Металлургиялық кластер құру аясында «Шалқия Цинк» ЖШС-ның «Шалқия» кен орнында «Жылдық қуаттылығы 4 млн. тоннаға дейін Шалқия қорғасын-мырыш кенішін кеңейту және кен байыту фабрикасының құрылысы» жобасын іске асыру, «Құрымсақ» ванадий кенішін игеру жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, облыста сыртқы инженерлік инфрақұрылым жеткізу жұмыстарын жүргізе отырып, индустриялық аймақтар құру жұмыстары іске асырылуда.

Осыған байланысты, Қызылорда қаласы мен аудандарда индустриялық аймақ құру үшін жер телімдері бөлінді (*Арал ауданы – 10 га, Қазалы ауданы – 12,7 га, Қармақшы ауданы –15 га, Жалағаш ауданы-22 га, Шиелі ауданы – 50 га, Сырдария ауданы–20 га, Жаңақорған ауданы– 8 га*).

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауын іске асыру мақсатында жасалған «2020 бизнес жол картасы» бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарындағы үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жолдарының бірі болып табылады.

2013 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша Қызылорда облысына 1 468,6 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде:

• өндірістік инфрақұрылымды дамыту бағытына;

• несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

• несиені ішінара кепілдендіруге;

• валюталық тәуекелдері бар кәсіпорындарды қолдауға;

• гранттық қаржыландыруға;

Бағдарлама шеңберінде несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау бойынша 2013 жылдың басынан жалпы құны 3,0 млрд. теңгеден астам 82 жоба мақұлданды. Несиені ішінара кепілдендіру бағыты бойынша жалпы құны 145,8 млн. теңгені құрайтын 17 жоба мақұлданып, гранттық қаржыландыру бойынша 14 жоба және т.б. жүзеге асырылуда.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 1408 жаңа жұмыс орны құрылды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында облыста кәсіпкерлерді қолдау орталығы ашылды.

Аграрлық сектор

2013 жылдың қорытындысы бойынша өңірдің аграрлық секторының дамуында оң қарқын байқалады.

2013 жылы саланы мемлекеттік қолдаудың көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 44,7 пайызға артып, 5,5 млрд. теңгені құрады.

Өсімдік шаруашылығы

2013 жылы облыстың барлық шаруашылық нысандары бойынша 157,5 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар егісі 79,2 мың га, мал азығындық дақылдар 53,9 мың га, картоп, көкөніс, бақша 22,5 мың га, майлы дақылдар 1,9 мың гектар. Облыстың негізгі дақылы - күріш 74,0 мың гектарға егілді.

Орта өнім гектарына 49 центнерді құрай отырып, облыста 365,5 мың тонна бастапқы салмақпен күріш салысы жиналды. Осылайша, 2013 жылы соңғы жылдары болмаған рекордтық өнім алынды.

Сондай-ақ, 124 145 тонна картоп, 107 970 тонна көкөніс, 155 364 тонна бақша, 2 255 тонна дән жүгері және басқа дақылдар жиналды.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында жанар-жағармай құнын арзандату, су жеткізу қызметі, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен өнімділігін арттыру, тыңайтқыш бағасы және басқалары субсидиялануда.

2013 жылы күріш өңдеуге кеткен шығынды толтыруға субсидия нормалары 1 гектарға 18-ден 25 мың теңгеге ұлғайды. Алғаш рет гербицидтерді қолдануды субсидиялау басталды. Нәтижесінде, 166 мың теңге құрайтын жер гектарын өңдеуге кеткен шығындардың 43 мың теңге субсидиясы немесе 26 пайызы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер шығынына төленді.

Техника алуға сыйақы үлесін субсидиялау басталды. 2014 жылы «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында техника алу мен субсидиялау тетігі енгізілетін болады.

1-бет

Жалағаш элеваторының базасында ауыл шаруашылығын өндірушілерге күрішті сақтау мен қайта өңдеуге қолайлы жағдай жасау үшін «Байқоңыр Агрохолдингі» ЖШС құрылды.

Ауыл шаруашылығын өндірушілерді қолдау мақсатында 2013 жылы «Байқоңыр Агрохолдингі» ЖШС күрішті 40 теңгеден төмен емес бағаға сатып алу туралы шешім қабылдады.

Күріш өндіру мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін күріш кластері құрылды, күріш кластерін қалыптастыру жұмыстары басталды.

Қазіргі таңда құрылған консорциум шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, қайта өңдеушілер атқарушы органдар, инвесторлар, қаржылық институттар мен «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ да өз күштерін біріктірді.

Мал шаруашылығы

2013 жылы асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 900 млн. теңге бөлінді, бұл 2012 жылға қарағанда 30 пайызға артық.

Облыс бойынша 2014 жылдың 1 қаңтарына 240,8 мың бас мүйізді ірі қара (МІҚ), 581,2 мың бас қой мен ешкі, 75,2 мың бас жылқы, 33,3 мың бас түйе және 91,1 мың бас құс өсірілуде.

«Ірі қара мал етінің әлеуетін жақсарту» жобасы аясында 2013 жылы 2954 бас ірі қара малы және 169 бас бұқа сатып алынды. Жоспар 23 пайызға орындалды.

Бұдан өзге шаруашылықтардың өз қаржылары есебінен ет бағытындағы асыл тұқымды «Қазақтың ақбас» сиыры тұқымының 100 бас қашары мен 20 бас бұқа сатып алынды. «ҚазАгроӨнім» АҚ-на еншілес «KazMeat» ЖШС-нан ет бағытындағы мал шаруашылығын ұйымдастыру мақсатында несие алынып, 210 бас тауарлы сиыр және 7 бас ет бағытындағы асыл тұқымды бұқа сатып алды.

Қазалы ауданы мен Қызылорда қаласында бордақылау алаңдарын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Ветеринария

2013 жылы республикалық бюджет есебінен эпизоотиялық іс шаралар жүргізу үшін жануарлардың 15 жұқпалы ауруының алдын алу мақсатында 630 млн. теңге қаржы бөлінді.

Ауыл шаруашылығы малдарының энзоотиялық ауруларына қарсы дәрі-дәрмектер сатып алуға облыстық бюджеттен 67,5 млн. теңге бағытталды. Осы қаржыға қажетті дәрі-дәрмектер сатып алынып, 124,0 мың бас МІҚ, 388,7 мың бас уақ мал, 42,4 мың бас жылқы, 16,6 мың бас түйе алдын ала егілді.

Республикалық бюджет есебінен ветеринарлық ұйымдар үшін қажетті автокөліктер мен ветеринарлық құрал-жабдықтар сатып алынды.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.

Азық-түлік қауіпсіздігі

Статистикалық мәліметтер бойынша 2013 жылдың желтоқсан айындағы азық-түлік тауарларының индексі өткен жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда облыс бойынша 103,0 пайызды (республика бойынша - 103,3 пайыз) құрады.

Бағаның негізсіз өсуін болдырмау мақсатында жыл бойы 29 ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, онда азық-түлік бағалары базар бағасынан 10-15% төмен сатылды.

Облыс көлемінен тыс жерден әкелінетін азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында ірі жабдықтаушылармен әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларын сату кезінде 10 пайыздық үстемеден асырмау туралы 35 меморандумға қол қойылды.

1-сұрыпты нан, 1-сұрыпты ұн бағаларын қадағалау жұмыстары аясында облысқа 32,2 мың тонна бірінші сұрыпты ұн әкелінді.

Нан бағасы тұрақты, орташа бір данасы 43 теңгені құрайды.

Облыста қалыптасқан тұрақтандыру қоры 11 аталым бойынша негізгі азық-түлік өнімдері интервенциясын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Тұрақтандыру қорындағы өнімдер 12 әлеуметтік сауда павильондарында (Қызылорда қаласының әр шағын ауданында) нарық бағасынан 10-20 пайыз төмен сатылуда.

Облыс орталығын маусымаралық мерзімде көкөніс өнімімен қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда қаласында 120 дана жылыжайдың құрылысы салынып, іске қосу 2014 жылдың 1-ші жартыжылдығына жоспарлануда.

Балық шаруашылығы

Балық шаруашылығы облыстағы ауыл шаруашылығының маңызды салаларының бірі.

САРАТС жобасының 1-кезеңін жүзеге асыру нәтижесінде балық аулау көлемі 4,5 - 5 есеге, оның ішінде Кіші Арал теңізінен ауланатын балықтың көлемі 10 есеге артып, 26-дан аса балық түрлері қалпына келді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мүдделі орталық атқарушы органдармен жобаның ІІ фазасының бастапқы кезеңін жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде.

Балық шаруашылығы субъектілерінің қызметін үйлестіру мақсатында облыстың балық шаруашылығын дамыту бойынша консорциум құрылды. Консорциумға 19 шаруашылық пен ғылыми-зерттеу институты және «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» Арал филиалы, сондай ақ, «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ мүше болып кірді.

2013 жылы 5 728 тонна балық ауланды.

Облыста су айдындарын балықтандырумен «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК айналысуда. Кәсіпорын жыл сайын 15,0 млн. дана тұқы тектес, дөңмаңдай, ақ амур сияқты балық шабақ түрлерін өсіруде.

Облыс бойынша балық өңдеу мекемелерінің жылдық қуаттылығы 11 мың тоннадан асады. Оның ішінде, «Арал балық өңдеу зауыты», «Арал СДО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің зауыты және Қазалы ауданындағы «Бахыт» шаруа қожалығының балық өңдеу зауыттарының балықты терең өңдеуге мүмкіндіктері бар. Өткен жылы Арал балықты қайта өңдеу зауытына қолдау көрсетілді.

2013 жылы Кеден одағынан тыс жерлерге құны 1 млн. 493 мың АҚШ доллары болатын 411,2 тонна мұздатылған балық өнімдері балық сүбесі (филе) экспортталды.

Ауылдық елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету

Ауылдық елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету жөнінде облыс әкімдігімен бірқатар шаралар жүзеге асырылуда.

2013 жылы 6 канал тазаланып, нәтижесінде ауыл тұрғындарына 258,1 гектар жерге бау-бақша және көкөніс дақылдарын егуге мүмкіндік туды.

Өздігінен су бармайтын елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 80,3 млн. теңге бөлініп, 1 дана электрлі және 11 дана дизельді сорғы қондырғылары алынып берілді.

Жобамен қатар сорланған көлдерді қалпына келтіру жұмыстары басталды, сондай-ақ, Арал ауданында 15,9 га сорланған көлдерді көму жұмыстары жүргізілді.

Жерді түгендеу бойынша

Мемлекет басшысы белгілеген мәселелерді жүзеге асыру мақсатында аймақтағы ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану бойынша түгендеу жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін ауыл шаруашылығы алқаптары мен меншік иелері бойынша түгендеу жұмыстары өңірімізде кезең-кезеңімен 3 жыл мерзімде (2012-2014 жылдар аралығында) жүргізу жоспарланған. Бұл жұмыстар облыс көлемінде соңғы рет 2001-2003 жылдары жүргізілгенін айта кету керек.

Түгендеу жұмыстары барысында 197 мың га пайдаланылмаған жерлер, оның ішінде 79,2 мың гектары ауыл шаруашылығына қайта тартылғаны анықталды.

Тұрғын үй құрылысы және абаттандыру

2013 жылы 270,3 мың шаршы метр құрайтын тұрғын үй пайдалануға берілді. Нәтижесінде, 2275 отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты.

«Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы аясында 2013 жылы тұрғын үй құрылысына республикалық бюджеттен 4,8 млрд. теңге алынып, соның есебінен:

200 пәтерлі 4 несиелік тұрғын үй, 219 пәтерлі 33 жалға берілетін тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде 169 пәтерлі 32 тұрғын үй кезекте тұрған азаматтарға және 1 тұрғын үй жас отбасыларға арналған.

Сонымен қатар, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында 113 пәтерлі 55 тұрғын үйдің құрылысы салынды. Оның ішінде Қызылорда қаласында 60 пәтерлі 2 тұрғын үй, Әйтеке би кентінде 8 бір пәтерлі тұрғын үй, Жалағаш ауданында 10 тұрғын үй және Қазалы ауданында 35 тұрғын үй пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында «Қазақстан ипотекалық компаниясымен» және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-мен бірлескен жұмыстар атқарылуда.

«Қазақстан ипотекалық компаниясының» жүргізген жұмыстарының шеңберінде Қызылорда қаласында көлемі 4 га болатын 2 жер учаскесі бөлінген. 2014 жылы 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылысын салу жоспарлануда.

«РМЗ Шапағат» ЖШС «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-мен 2014 жылы кезеңкезеңімен 12 тұрғын үй салуға келісім жасады.

Бұған қоса Қорға 35 пәтерлік 6 тұрғын үй салуға жер учаскесі бөлінді. Қазіргі күні бұл үйлердің жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленуде.

Қызылорда қаласында Үй құрылысы Комбинатының құрылысы бойынша жұмыстар басталды. Қазіргі уақытта комбинаттың құрылыс-монтаж жұмыстары 38 пайызға орындалған. Мемлекеттік қолдау аясында облыс әкімдігі СПК «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ арқылы ішкі инженерлік коммуникация құрылысын жүргізетін болады.

Абаттандыру

2013 жылы Қызылорда мен аудандардың елді мекендерін абаттандыруға барлығы 3,7 млрд. теңге, оның ішінде, республикалық бюджеттен 230,7 млн. теңге, облыстық бюджеттен 3,5 млрд. теңге бөлінді.

Бөлінген қаржыға Қызылорда қаласында аулаішілік жолдары мен жүргіншілер жолын, 37 көпқабатты тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстары жүргізілді. 23 балалар алаңы, 26 автобус аялдамасы салынып, ұзындығы 36,9 шақырым болатын 28 көше жарықтандырылды.

Сондай-ақ, «Қызылорда тазалығы» ЖШС-ның материалдық-техникалық базасын нығайтуға 813 млн. теңгеге 90 арнайы техника сатып алынды.

Инфрақұрылымды дамыту мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде

Жылу беру маусымына әзірлік жасауға облыстық бюджеттен 397 млн. теңге бөлініп, соның есебінен «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК «Оңтүстік қазандық» филиалының негізгі екі қазандығы қайта жөндеуден өткізілді.

2013-2014 жылу беру маусымына сапалы дайындалу мақсатында облыстық штаб құрылды. Қызылорда қаласы мен аудандардың әлеуметтік және шаруашылық жүргізуші нысандарында күзгі-қысқы маусымға дайындық жұмыстары жүргізілді. Облыс бойынша жылу беру кезеңі штаттық режимде өтуде.

Облыстың әлеуметтік нысандары мен тұрғындары үшін жеткілікті көмір, дизель отыны әкелінді. ҚР Үкіметінің резервінен қосымша отын – мазут сатып алуға 2,6 млрд. теңге бөлінді.

Қызылорда қаласының халқын ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында жобаалды құжаттамасы әзірленуде. Пилоттық жоба негізінде Қызылорда қаласындағы 2 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтамасыз етілді (*Қорқыт ата көшесіндегі 138 а, б).*

Сумен қамтамасыз ету

2013 жылдың қорытындысы бойынша 263 ауылдық елді мекеннің 72 пайызы орталықтандырылған ауыз суға қосылған *(2012 жыл қорытындысы бойынша 178 АЕМ немесе 68 пайыз).*

«Ақбұлақ» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде Арал ауданының ашық су көздерін пайдаланып келген 8 елді мекенін (*Райым, Құмбазар, Ақшатау, Ескіұра, Қызылжар, Шөмішкөл, Үкілісай, Бекбауыл елді мекендері*) «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырына қосу жұмыстары аяқталды. Өткізілген жұмыстар нәтижесінде ашық су көзін пайдаланушы елді мекендер мәселесі шешілді.

Жергілікті атқарушы органдардың ҚР Өңірлік даму министрлігімен жасалған жұмыстары нәтижесінде «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша облысқа 8,0 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл қаржыға 16 елді мекендегі су жүйелерін жаңғырту нысандарының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Соның ішінде Арал ауданының Сапақ, Қосжар, Жалаңаш, Ақбай, Жақсықылыш, Қазалы ауданының Ақсуат, Қармақшы ауданының Көмекбаев, Жалағаш ауданының Таң, Еңбек, Жаңаталап, Сырдария ауданының Тереңөзек, Жаңақорған ауданының Талап, Кейден елді мекендерінде, Қызылорда қаласының Қараөзек елді мекені мен Белкөл, Тасбөгет кенттерінде.

Газдандыру

Облыста «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырына елді мекендерді қосу арқылы газдандыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2014-2016 жылдар аралығында 21 елді мекенді газбен қамтамасыз ету межеленіп, облыс халқының 70 пайызын газбен қамтуға қол жеткізу жоспарлануда.

Осы міндеттерді жүзеге асыруға облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға кезең-кезеңімен жобаалды және жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Осы мақсатқа 2013 жылы 569 млн. теңге бөлінді.

Аймақты газдандырудың бірінші кезеңін жүзеге асыру шеңберінде 2013 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның қаржысы есебінен жалпы құны 6,1 млрд. теңгені құрайтын 2 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Нәтижесінде, «Бейнеу-Бозой-Шымкент»

магистральды газ құбырына қосу арқылы Қызылорда қаласын толықтай газбен қамтамасыз ету, сондай-ақ, ГРП-1-ден «Қызылордаоңтүстікжылуорталығына» дейін жоғарғы қысымды газ құбыры құрылысын салу арқылы облыс орталығындағы газ тарату жүйелеріндегі газ қысымын тұрақты қалыпқа келтіру мәселелері шешімін тапты.

Сондай-ақ, Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес 2014 жылы барлығы 16,5 млрд. теңгеге газ құбырының бұрыптары және облысымыздың барлық аудан орталықтарына 6 автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысын бастау жоспарлануда.

Сонымен қатар, «Оңтүстік-Торғай» ойпатындағы Арысқұм иініндегі кен орнының газын тиімді пайдалану мақсатында 2013 жылы «ПетроҚазақстанҚұмкөл Ресорсиз» АҚ-ның тапсырысымен «Арысқұм» кен орнындағы кешенді газ дайындау қондырғысы құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Бүгінгі күні ҚР Мұнай және газ министрлігімен құрылыс жұмыстарын 2014 жылы бастауға келіссөздер жүргізілуде.

Сондай-ақ, Өңірлік даму министрлігімен атқарылған жұмыстар нәтижесінде, Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округін және Тасбөгет кентін газдандыру үшін 2014 жылға республикалық бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұдан басқа, аталған министрлікпен кентішілік газ тарату жүйелерінің құрылысы жобаларын қолдау жөніндегі келісімдерге қол жеткізілді.

Энергетика

Өңір экономикасы мен тұрғындардың электрэнергиясына қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында облыста мақсатты жұмыстар жасалуда.

Жоғары кернеудегі (35 кВ) 3 қосалқы станса қайта жаңғыртылып, 28 шақырым жаңа электр желісі жүргізілді. Бұл мақсатта республикалық және облыстық бюджеттерден 1,5 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Аймақтың энергетикалық тәуелсіздігіне және энергетика саласын тиімді дамыту мақсатында «Энергия» консорциумы құрылды. Консорциум құрамына 24 энергия өндіруші, тасымалдаушы мекемелер мен ірі тұтынушы кәсіпорындар кірді.

Консорциумның ең басты басымдығының бірі «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның қаржылық жағдайын жақсарту болып табылады. Сауықтыру жоспарын жүзеге асыру қорытындысымен, дебиторлық қарыз 1,2 млрд. теңгеден 428 млн. теңгеге, кредиторлық қарыз 2,4 млрд. теңгеден 547 млн. теңгеге азайтылды.

«Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын жаңғырту және кеңейту жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме

әзірленуде. Жоба жүзеге асырылған жағдайда орталықтың белгіленген қуаттылығы 235 МВт-ға ұлғаяды. Ағымдағы жылы бірінші кезеңде қуаттылығы 50 МВт болатын газтурбиналық қондырғыны орнату жоспарлануда.

Сонымен қатар, Жаңақорған ауданындағы «СКЗ-U» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күкірт қышқылы зауытын жобалық қуатқа шығару бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл жағдайда, зауыт «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының желілері арқылы 12-13 МВт электр энергиясын босатуға мүмкіншілік алады. Қайта жаңғыртылған энергия көздерін дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Көлік инфрақұрылымы

Облыстың қолайлы географиялық орналасуын және оның аумағы арқылы магистральді инфрақұрылымдар өтетінін ескере отырып жолды дамытуға баса назар аударылуда.

2013 жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 11 млрд. теңгеден астам қаражат 358,4 шақырым автомобиль жолдары мен елді мекендер көшелерін жөндеуге бағытталды.

Соның ішінде 4,8 млрд. теңге Қызылорда қаласының көшелерін жөндеу мен қайта қалпына келтіруге бөлінді.

Аудандардағы елді мекендердің ұзындығы 121,7 шақырым көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарына 2,3 млрд. теңге бөлінді.

2013 жылы Сырдария ауданының Шаған елді мекеніңде Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысы жалғастырылды. Үстіміздегі жылы көпір құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Қызылорда қаласының Бас жоспарына сәйкес, қаланың сол жағалау бөлігін игеру мақсатында, Сырдария өзені арқылы салынатын Қызылорда қаласының көпір құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 60 млн. теңге бөлінді. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігімен аталған жоба «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде мақұлданды.

Жолаушылар тасымалын тиімді ұйымдастыру мақсатында облыста 211 автобус бағыты бар. 2013 жылы жолаушылар тасымалы 8,2 пайызға өсті.

Облыс аумағындағы 212 елді мекенді аудан және облыс 2013 жылы барлық меншіктегі жолаушылар көлігімен 251,3 млн. жолаушы тасымалданып, 2012 жылмен салыстырғанда 108,2 пайызды құрады.

Облыс орталығы тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында мемлекеттің қатысуымен «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС құрылды. Арнайы мамандандырылған коммуналдық өндірістік-техникалық база құру және автобустар алу үшін облыстық бюджеттен 500,0 млн. теңге бөлінді. Экологиялық таза газ моторлы отынмен жүретін 20 автобус сатып алынды.

Сонымен қатар, 2014 жылы қалалық коммуналдық автобус паркі құрылысына және тағы 100 автобус сатып алу үшін «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ Еуропалық Қайта Жаңғырту және Даму банкімен несиелік жүйе ашу үшін келісім-шарт жасалды.

Өңір экономикасы үшін әуежайды дамыту – аса маңызды.

Қазіргі уақытта облыс әуежайы арқылы аптасына 23 рейс орындалуда, оның ішінде Астана қаласымен байланыстыру үшін – 7 рейс, Алматы қаласына – 10 рейс, Қарағанды қаласына – 3 рейс, Өскемен және Ақтау қалаларына 2 рейстен жасалуда.

Өткен жылы жолаушы айналымы 2012 жылға қарағанда 5,1 пайызға өсті.

2013 жылы әуежайдан осы бағыттарға барлығы 75,9 мың жолаушы жөнелтіліп, 2012 жылмен салыстырғанда 105,1 %-ды құрады.

Облыстағы әуе тасымалын дамыту мақсатында әуежайдың жаңа жолаушылар терминалының құрылысын қаржыландыру және «халықаралық» мәртебесін алу мәселесі бойынша жұмыстар қаралуда.

Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары аяқталуда және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Байқоңыр» ӘӨК» ҰК» АҚ бірлесіп қаржыландыруы бойынша келісім жасау жұмыстары жүргізілуде.

Әуе тасымалы бағыттарының санын көбейту бойынша жұмыстар жасалуда және Қызылорда қаласы әуежайы арқылы, сонымен қатар, халықаралық (Ресей, Түркия, Қытай және Біріккен Араб Эмираттары) бағыттар бойынша рейстер орындауға мүдделі ұлттық және шетелдік компаниялардың *(«Инвеставиа»* және *«Авиакомпания «Казэйртранс» АҚ, «Пегасус» (Түркия)* өкілдерімен алдын ала келіссөздер өткізілді.

Өңір экономикасы үшін теміржол инфрақұрылымын дамыту маңызды серпін болып табылады.

2013 жылдан бастап «Алматы-Атырау» бағыты бойынша «Тұлпар-Тальго» жүрдек жолаушылар пойызы жүргізіле бастады. 2014 жылдан «Қызылорда-Астана» жүрдек жолаушылар пойызын жоғарғы жылдамдыққа көшіру жоспарлануда.

Сонымен бірге, облыс аумағы арқылы «Жезқазған-Сексеуіл-Бейнеу» теміржолы өтеді. 2013 жылы теміржол төсемінің біздің бөлігіміздің құрылысы аяқталып, Жезқазған бөлігімен түйістіру жүзеге асырылды. Қазіргі уақытқа сәйкес теміржол инфрақұрылымының құрылысы – электржелісін, бағдаршамдар орнату, стансалар құрылысын және әлеуметтік-тұрмыстық кешендер салу жүргізілуде.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Білім беру

Білім саласына 2013 жылы 57 млрд. теңгеден астам бюджет қаржысы бөлініп, жалпы облыс бюджетінің 32%-ын құрады.

Мектепке дейінгі тәрбие

2014 жылдың 1 қаңтарына облыс бойынша жалпы саны 35805 бала бар 541 мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды. Оның ішінде 295-і балабақша және 246-сы шағын орталық.

«Балапан» бағдарламасын орындау мақсатында республикалық бюджеттен 2665,3 млн. теңге бөлінді (13328 орынға).

2013 жылы балабақшалар жақсы дамыды.

Жергілікті бюджет есебінен 320 орындық 3 балабақша құрылысы салынды *(Жаңақорған ауданы- 2, Қызылорда қаласы- 1).*

Қабылданған шаралар нәтижесінде 2014 жылдың 1 қаңтарына 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың қамтылуы 75 пайыздан 85,1 пайызға өсіп отыр (*республика бойынша орташа 72,5 пайыз*), 5-6 жастағы балалардың мектепалды даярлықпен қамтылуы 100 пайызға жетті.

Бұрынғы жекешелендірілген балабақшалардан 10 балабақша, оның ішінде Жаңақорған ауданында 4 және Қызылорда қаласында 6-ы мемлекет меншігіне алынды.

Орта білім беру

Облыста 291 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс жасайды. Оның ішінде 16 бастауыш, 25 негізгі, 250 орта мектептерде 125803 оқушы оқиды.

2013 жылы білім саласында жаңа нысандарды пайдалануға беру есебінен 3 ауысымда оқитын мектептердің мәселесі толығымен шешімін тапты.

Облыс педагогтарының біліктілігін арттыру мәселесіне айрықша назар аударылды.

2013 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ-ның деңгейлік бағдарламасы бойынша педагогтар саны 44,5 пайызға өсті, 941 педагог өз біліктілігін көтерді. Қысқа мерзімдік біліктілікті арттыру курстарын 1962 педагог аяқтады. Бюджеттен тыс қаржы арқасында қосымша 1200 мұғалім біліктілігін арттырды. Жоғары және бірінші санатты педагогтар үлесі 2,4 пайызға өсті.

Мұғалімдердің дәрежесін көтеру және әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында 10 номинация бойынша «Жылдың үздік мұғалімі» конкурсының 43 жеңімпазына 1 млн. теңгеден берілді.

2013 жылы оқушыларды ҰБТ-ға әзірлеуге алғаш рет апта сайын ақысыз сынама тестілеу ұйымдастыруға 16,9 млн. теңге бөлінді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 2013 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік грант иелерінің саны 1377-ні құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 342-ге артқан. «Алтын белгі» иегерлері 66-ға артып, сәйкес кезеңге қарағанда 16 адамға көбейген. Бірыңғай Ұлттық Тестілеу нәтижелері бойынша облыс 2012 жылғы 16-орынмен салыстырғанда 11-орынға көтерілді, орташа балл 73,4 пайызды құрады (*2012 жылы 64,05 пайыз*). Халықаралық, республикалық олимпиада жүлдегерлерінің саны 32-ден 49-ға көбейді.

2013 жылы 5600 орындық 17 мектеп пайдалануға берілді *(Арал ауданы-2, Қазалы ауданы-2, Қармақшы ауданы-2, Шиелі ауданы-4, Жаңақорған ауданы-4, Қызылорда қаласы-3).*

Білім беру саласының 15 нысанында 445,6 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2421 оқушыға мектепке тасымалдау ұйымдастырылған, тасымалдауды қажет етушілердің жалпы санының 99 %.

Жазғы демалыс кезеңінде мектеп жасындағы 90 % оқушы түрлі шаралармен қамтылған.

Техникалық және кәсіптік білім беру

Еңбек ресурстарының өлшемін анықтау және еңбек нарығында теңсіздікті болдырмау мақсатында 2013 жылы облыста тұңғыш рет Еңбек ресурсының балансы әзірленді.

Облыстың еңбек нарығына, жоғары және арнаулы орта оқу орындарында мамандарды дайындауға талдау жасалып, салалар және экономикалық қызмет түрлері бойынша кадрлардың артықшылығы мен жетіспеушілігі анықталды. Талдау көрсеткендей, 2014 жылы өңірімізде жоғары білімді мамандар қажеттілігі 1149 адам, орта кәсіптік білімі бар 2525 мамандарды құрайды.

Осының негізінде кәсіптік техникалық білім жүйесінде 9 мамандық бойынша қайта салаландыру жұмыстары жүргізіліп, 13 жаңа мамандық ашылды. 20 жаңа мамандық ашу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Мәскеу авиациялық институтының филиалымен, Мәскеу болат және қорытпа институтымен, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетімен, Байқоңыр қаласының қажетті мамандарды дайындауға бағытталған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қойылды.

Біліктіліктерін арттыру үшін үздік техникалық және кәсіптік институттарына, оның ішінде Беларусь Республикасына 7 студент және 10 оқу өндіріс шебері, Түркияға 4 студент, 1 оқу өндіріс шебері жіберілді.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін білім беру қызметіне ақы төлеуге аз қамтылған отбасыларынан шыққан 123 студентке 49,3 млн. теңге төленді. 2014 жылы бұл грант саны 300-ге дейін жеткізіледі. Оған қажетті қаражат облыстық бюджеттен қаралды.

2013 жылдың 24-26 қазан күндері Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында академик А.Д.Таймановтың ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған «Қазіргі заман математикасы: проблемалары мен қолдануы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияға Ресей мен Қазақстанның математика саласындағы белгілі ғалымдары қатысты.

«Қызылорда облысының географиясы», «Қызылорда облысының өсімдік әлемі», «Қызылорда облысының жануарлар әлемі» тақырыбында 3 томдық оқу құралы шығарылды.

Облыс әкімінің төрағалығымен ғылымның, білімнің және өндірістің біртұтастығының қазіргі талаптарын қамтамасыз ету мақсатында университет жанынан Қамқоршылық Кеңесі құрылып, Кеңестің корпоративтік қоры қалыптастырылды. Өңір экономикасының даму Стратегиясы есебімен университеттің негізгі даму бағыттары айқындалды.

ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Денсаулық сақтау

Облыста денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерін шешуге және аймақ тұрғындарының денсаулығына бағытталған «Денсаулық сақтау саласының жол картасы» әзірленді.

2013 жылдың қорытындысы бойынша аймақта демографиялық жағдайдың оң нәтижесі байқалады.

1000 тұрғынға шаққандағы туу көрсеткіші 2012 жылмен салыстырғанда 28,2-ден 28,4-ке дейін өсті *(332 жаңа туған нәрестеге артық) (ҚР - 23,0)*.

1000 тұрғынға шаққандағы жалпы өлім-жітім көрсеткіші 6,9-дан 5,8-ге төмендеді. Тұрғындардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы 69,5-тен 70,0 жасқа дейін жоғарылады.

«2013-2014 жылдарға арналған денсаулық сақтау жүйесін дамытудың Жол картасын» жүзеге асыру шеңберінде ана өлімін төмендету бойынша атқарылған іс-шаралар нәтижесінде аталған көрсеткішті өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 33 пайызға төмендетуге және оны орташа республикалық көрсеткіштен төмен деңгейге алып келуге жағдай жасады. 2012 жылмен салыстырғанда ана өлімі 2013 жылы 15,8-ден 10,6-ға дейін азайған. *(ҚР бойынша 2012 жылы 100 тірі туғандарға – 12,8)*.

Сәби өлімінің көрсеткіші 1000 тірі туғандарға 13,7-ні құрап, 27 % төмендеген.

Туберкулез бойынша эпидемиологиялық көрсеткіштердің тұрақтануы байқалуда. Осылайша, аурушаңдық 8,3 пайызға, өлім-жітім 31,3 пайызға төмендеді.

Онкопатологиядан өлім-жітім көрсеткіші 1,6 пайызға төмендеді.

Қан айналым жүйесінің аурулары бойынша 100 мың тұрғынға шаққанда 3,7 пайызға, қан айналым жүйесінің аурулары бойынша өлім көрсеткіші 2,5 пайызға төмендеді.

Жедел медициналық көмек қызметін модернизациялау басталды. Жаңа туған нәрестелерге хирургия қызметі жақсы дамып келеді. Қалалық аурухана базасында нейроинсульттік орталық ашылды.

Ауыл тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 9 ауылдық аурухана ашылды, тағы 4-і 2014 жылы ашылатын болады.

Сонымен қатар, аймақтарда тек Қызылорда қаласында тәулік бойы қызмет көрсететін 50 төсек орынға арналған «Республикалық балалар оңалту орталығы» АҚ-ның филиалы ашылды. Филиалда неврологиялық патологиясы бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтудың үзіліссіз кешенді процесі қамтамасыз етілді.

Аймақта жоғары мамандандырылған медициналық көмек тиімді дамуда. Облыстық медициналық орталықтың кардиохирургиялық бөлімінде ашық жүрекке 105 ота жасалды.

Онкологиялық ауруларға жаңа хирургиялық емдеу технологиялары енгізілуде.

Облыстық медициналық орталықтың урологиялық бөлімінде 124 урогениталдық пластикалық ота жасалды. Ал, травматологияда 20 жамбас-сан буынына эндопротездеу және 34 остеосинтез, нейроинсульт орталығында миға және жұлынға 53 күрделі ота жасалды.

2013 жылы денсаулық сақтау саласының 20 нысанының құрылысы жүргізілді. «350 дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік бекеттер мен емханалар» бағдарламасы шеңберінде Жалағаш және Шиелі аудандарында ауысымына 250 келушіге арналған аудандық емханалардың құрылысы басталды. Шиелі аудандық емханасы пайдалануға берілді.

Тереңөзек және Жосалы кенттерінде ауысымына 250 келушіге арналған аудандық емханалардың, 6 дәрігерлік амбулаториялардың *(Сырдария ауданында – Бесарық, Айдарлы, Қазалы ауданында – Басықара, Жанқожа, Жалағаш ауданында – Аққыр, Шиелі ауданында – Жақаев)* құрылыстары басталды.

Төретам кентінде ауысымына 100 келушіге арналған ауылдық емхана пайдалануға берілді.

2013 жылы республикалық бюджет есебінен 9 дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды *(Қазалы ауданы: Пірімов, Шәкен, Сырдария ауданы: Іңкәрдария; Арал ауданы: Қамыстыбас, Аралқұм, Абай; Жалағаш ауданы: Шәменов; Шиелі ауданы: Сұлутөбе)*. Олардың 6-ы пайдалануға берілді.

10 дәрігерлік амбулатория жобасметалық құжаттарын әзірлеу басталды *(Қазалы ауданы: Қожабақы, Жалаңтөс, Мұратбаев, Түктібаев; Қызылорда қаласы: Қызылжарма, Махамбет, Коммунизм; Шиелі ауданы: Бидайкөл; Сырдария ауданы: Шіркейлі; Қармақшы ауданы: ІІІ Интернационал)*.

2013 жылы 550 дәрігер мен 1718 орта медицина қызметкерлері біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Спорт

2013 жылы жасанды төсеніш төселген 75 спорт алаңы пайдалануға берілді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Қызылорда қаласында «Мұз айдыны» спорт кешені салынды. Соның нәтижесінде тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен айналысатын адамдардың саны 2012 жылмен

салыстырғанда 10476 адамға артып, облыс тұрғындарының 23,4 пайызын құрады.

Облыста 21 спорт мектебі жұмыс жасайды (оның ішінде 3 олимпиада қоры мектебі). Оларда 13566 оқушы спорттың 29 түрі бойынша айналысады.

«Қайсар» футбол клубы 2013 жылы өткен 34 турдың 23-інде жеңіске жетіп, маусымның қорытындысы бойынша Жоғарғы Лигаға өтті.

Жастар арасында спорттың түрлерін дамыту мақсатында қазақ күресінен «Алтын белбеу», футболдан «Былғары доп» турнирлері өткізілді. 2013 жылы 2 халықаралық, 39 республикалық турнирлер ұйымдастырылып, өткізілді.

Облыс спортшылары олимпиадалық спорт түрлерінен республикалық жарыстарда 482 медаль ұтып алды. Оның ішінде 155 алтын, 126 күміс, 201 қола. Ал, ресми олимпиадалық спорт түрлерінен халықаралық жарыстарда 74 медаль, олардың 31-і алтын, 26-сы күміс және 17-сі қола медальдар.

Ауыр атлетика бойынша спорттық-сауықтыру кешені құрылысының жобасы әзірленуде.

Мәдениет

Өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау мен зерттеуді жүйелі іске асыру бағытында облыс әкімдігі жанынан республикамыздың көрнекті тарихшылары мен археологтарынан құралған ғылыми-әдістемелік Кеңес құрылды.

Кеңестің отырыстарында Қорқыт бабамызды ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енгізу, Қорқыт ата мемориалдық кешенінің жаңа жобасы жөніндегі, ортағасырлық Сығанақ қалашығының қорғау аймағын белгілеу, т.б. мәселелер қаралды.

Облыста 2 республикалық, 5 аймақтық, 4 облыстық фестиваль-конкурстар өткізіліп, оған 800 өнерпаз қатыстырылды.

Облыстың 65 өнерпазы республикалық шығармашылық конкурстардың лауреаты атанды.

«Шаһнама» эпопеясының Т.Ізтілеуұлының аудармасы бойынша 1000 дана музыкалық антологиясы шығарылып, оның тұсаукесері Қызылорда, Астана қалаларында ұйымдастырылды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновті еске алу шаралары, қазақтың көрнекті композиторы, КСРО халық әртісі М.Төлебаевтың 100 жылдығына, көрнекті қазақ кинорежиссері С.Қожықовтың 90 жылдығына арналған шаралар өткізілді.

2013 жылы облыс бойынша 6 мәдени нысан пайдалануға берілді: Қызылорда қаласының Махамбет және Қызылжарма ауылдарында, Жаңақорған ауданының Манап ауылында, Қармақшы ауданының Ақай, Тұрмағамбет, Ақжар ауылдарында 150 орындық ауылдық клуб ғимараттары.

Облыстық қазақ музыкалық-драма театрына жаңа қойылымдарға облыстық бюджеттен 16,3 млн. теңге бөлініп, 8 жаңа спектакль қойылды.

Кітапханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға облыстық бюджеттен 18,5 млн. теңге, оның ішінде ауылдық жердегі кітапханаларға 3,9 млн. теңге қаржы бөлінді. 13 ауылдық кітапханаларға модельді (үлгілі) кітапхана статусы берілді.

Тілдерді дамытуға қосымша шаралар қабылданды.

Мемлекеттік тілдің дәрежесін арттыру мақсатында мемлекеттік атқарушы органдардың құжатайналымындағы мемлекеттік тілдің қолданылуын 100 пайызға жеткізуге жұмыстар жасалуда.

«Тіл – татулық тірегі» облыстық фестивалі өткізілді.

Жұмыспен қамту

Елбасының бастамасымен жасалған 2011-2013 жылдары «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы, сонымен бірге, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын жүзеге асыру

арқылы 2013 жылы өңірімізде жұмыссыздық деңгейін 0,1 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш республикалық орташа көрсеткіштен аспай, жыл бойы сақталып келді.

Бірінші кезекте бұл жоспарланған 8787 жаңа жұмыс орындарының орнына экономиканың әртүрлі секторларында 10014 жаңа жұмыс орны құрылуының нәтижесінде қамтамасыз етілді *(жоспардан 113,9 пайыз)*. Нәтижесінде, бүгінгі таңда облыста экономикалық белсенді халықтың 94,8 пайызы жұмыспен қамтылған.

Жұмыспен қамту органдарына хабарласқан 13,5 мың адам жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 171-і мүгедек, 83-і бас бостандығынан айыру мекемелерінен босап келгендер.

Жыл ішінде ұйымдастырылған 86 бос жұмыс орындары жәрмеңкелерінің нәтижесінде жұмыс берушілердің тарапынан ұсынылған 3704 бос жұмыс орындарына 3 мыңнан астам адам жұмысқа орналасуға жолдамалар алды.

2013 жылы «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасын іске асыруға 9,6 млрд. теңге қаралды.

Бағдарламаға 8045 адам қатысып, олармен әлеуметтік келісім-шарттар жасалды *(қатысушылар құрамында 1320 – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, 6617 – жұмыссыздар, 108 – аз қамтамасыз етілгендер)*.

Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға 3,8 млрд. теңге бөлінді. 98 жобаның жүзеге асыру нәтижесінде 833 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде:

- инженерлік-көліктік инфрақұрылым жөндеу бойынша 74 жобаны іске асыру барысында (2531 млн. теңге) 576 жұмыс орны;
- елді мекендерді абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстары бойынша 10 жобаны іске асыру барысында (731,0 млн. теңге) 77 жұмыс орны;
- әлеуметтік нысандардың инфрақұрылымын жөндеу жұмыстары бойынша 5 жобаны іске асыру барысында (280,6 млн. теңге) 61 жұмыс орны;
- ауылдық дәрігерлік амбулатория құрылыстары бойынша жобалар (749,3 млн. теңге) 119 жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді.

Кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыспен қамту бойынша 1305 жобаны іске асыруға 3 млрд. теңгеден астам шағын несие беріліп, қосымша 1184 жаңа жұмыс орынын ашуға мүмкіндік жасалды. Бұл ретте 2013 жылы шағын несие бойынша соңғы несие алушыға жылдық сыйақы мөлшері 8 пайыздан 6 пайызға дейін төмендеді.

Оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бағыты бойынша жұмыс берушінің қажеттілігін ескере отырып, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде аз қамтамасыз етілген отбасылар және жұмыссыз жастар арасынан 2000-нан астам адам колледждер мен лицейлерге оқуға мүмкіндік алды. Оларға шәкіртақы, пәтерақы мен жолақысы төленеді. Жұмыс берушілермен оқу аяқталғаннан соң бітірушілерге жұмыс орындарын ұсынуға меморандумдар мен ниет шарттар жасалды. 2013 жылы қайта даярлаудан өткен 969 адамның, 569-ы жұмыспен қамтылды.

811 мекемелер мен кәсіпорындарда 1986 әлеуметтік жұмыс орны ашылып, 1055 қатысушы тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік алды.

1006 мекеме мен кәсіпорындарға 1885 адам жастар тәжірибесіне жіберіліп, олардың 449-ы тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды.

2013 жылы экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден Жалағаш кентіне, Әйтеке би кентіне және Қызылорда қаласына 48 отбасы қоныс аударды.

Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңінде экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден 160 отбасы қоныстанды. Барлық отбасы басшылары жұмыспен қамтылды.

Әлеуметтік қорғау

2013 жылдың 3 тоқсанының қорытындысымен табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,4 пайызға төмендеп, 4 пайызды құрады.

2013 жылдың қорытындысымен атаулы әлеуметтік көмек табысы кедейлік шегінен төмен 2082 азаматқа, тұрғын үй көмегі – 10428 отбасына төленді. Материалдық жағдайының жақсаруы нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 2012 жылмен салыстырғанда 3278 адамға, тұрғын үй көмегін алушылар 2169 отбасыға азайды.

Өткен жылы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген кейбір санаттағы адамдарға әлеуметтік көмек көрсету жұмыстары өз жалғасын тапты.

Жеңістің 68 жылдығына орай 146 соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне 68 мың теңгеден, соғыс жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендері және медальдарымен наградталған 220 адамға 25 мың теңгеден біржолғы материалдық көмек төленді.

Сондай-ақ, 7629 адамға 360,4 млн. теңгеге әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Мүгедектерді оңалту және әлеуметтік қорғау бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Аймағымызда алғаш рет мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2013-2014 жылдарға арналған «Жол картасы» бекітілді.

Бірінші республикалық ардагерлер кеңесінің мәжілісі өткізіліп, оған Қазақстанның барлық өңірлерінен Ардагерлер кеңесінің 34 өкілі қатысты.

2013 жылы мүгедектерді оңалтуға облыстық бюджеттен 208,3 млн. теңге бөлінді. Бұл 2012 жылы бөлінген қаржыдан 16,4 млн. теңгеге артық. Бөлінген қаржылар мүгедектерді тифло және сурдотехникалық құралдармен, кресло-арбалармен, таяқ және балдақтармен протез-ортопедиялық және сурдокөмекпен қамтамасыз етуге бағытталған.

1156 мүгедек балаларға және 883 жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілді.

Әлеуметтік мекемелердің күндізгі болу бөлімшелерінде 40 психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектер, 448 ардагер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылды.

Мүгедектерге арналған оңалту орталығында 1205 мүгедек пен қарттар сауықтыру курстарын алды.

«Ұмай», «Шапағат» және «Алақай Нұр» үкіметтік емес ұйымдары арқылы Арал, Жалағаш, Шиелі, Қазалы аудандарында және Қызылорда қаласында мүмкіндігі шектеулі 126 мүгедек балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілді. Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық дамуда.

2013 жылы «Сыр мейірімі» жобасы шеңберінде көмекке мұқтаж жалғызбасты қарттарға, мүгедектерге және көмекті қажет ететін адамдарға қайырымдылық түскі астары ұйымдастырылды.

Облыс орталығында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған 7 аула клубы ашылды. Бұл жұмыстар облыстың аудандарында жалғасын табатын болады.

«Бәріміз бірдейміз – кемсітуді білмейміз» бірінші республикалық конкурс аясында Қызылорда облысынан 10 номинация бойынша 21 мүмкіндігі шектеулі азамат қатысып, оның 4-і жүлделі орындарды иеленді (*1 және 2-орын – 2 қатысушы, 3-орын – 2 қатысушы*).

2013 жылы бюджеттен тыс қаржы көздерінен ардагерлер мен көпбалалы аналарға республиканың емдеу-сауықтыру орындарына 1500 жолдама бөлінді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің төрағалығымен мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында кеңейтілген Үйлестіру кеңесі өткізілді.

Мүгедектер мәселесі бойынша Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі тағайындалды. Сонымен қатар, аудан және ауылдық округ әкімдерінің кеңесшілері тағайындалды.

Алғаш рет салтанатты түрде Әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлері күніне арналған Форум өтті. Сіңірген еңбектері үшін 8 әлеуметтік қызметкер облыс әкімінің 500 мың теңгелік сертификатына ие болды.

Әлеуметтік әріптестік

Әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу мақсатында 26 әлеуметтік жоба бойынша 825,0 млн. теңгеге меморандумдар жасалды.

Еңбекақы бойынша қарыздың 900 млн. теңгеден астамы өтелді.

Жыл сайын өтетін «Парыз-2013» республикалық конкурсына 24 мекеме қатысып, қорытындысымен «ZHANROS DRILLING» ЖШС және «ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС лауреат атанды.

Жастар саясаты

Жастармен жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында 2013 жылы алғаш рет «2014-2015 жылдарға арналған Қызылорда облысында жастар саясатын дамытудың Жол картасы» әзірленді.

«Жастарды қолдау орталығы» мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту курстары мен семинар-тренингтер өткізілді. «Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту және ақпараттық қолдау көрсету» жобасы шеңберінде 13 жас азамат өз кәсіптерін ашты.

Жастардың бастамасымен 2013 жылы 10000-нан астам оқырманы бар «Ақмешіт жастары» газеті құрылды.

2013 жылдың тамыз-қыркүйек айларында «Жасыл ел» еңбек жасақтарында 500 сарбаз, құрылыс жасақтарына 150 жас қамтылды.

Аз қамтылған отбасыларынан шыққан 3482 студентке әлеуметтік қолдау көрсету үшін қаланың қоғамдық көліктерінде жүруге 84,4 млн. теңге қаржы бөлінді.

Жастарға патриоттық тәрбие беру және әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдай жасауға бағытталған жобалардың саны көбейді. **2013 жылы 29 әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды** (2012 жылы – 13 жоба). Олар белсенді және шығармашыл және мүмкіндігі шектеулі жастармен жұмыс жасауға, еріктілер қозғалысын дамытуға және жас дарындардың ғылыми әлеуетін көтеруге бағытталған.

Жалпы қызмет нәтижелері бойынша **«Жас Отан»** жастар қанатының облыстық филиалы 2013 жылдың 2-ші және 3-ші тоқсандарында республика бойынша **1-ші** орынды иеленді.

Жыл қорытындысымен облыстық КВН құрамасы республика бойынша үздік болып танылды.

Ақпараттық саясат

Облыстың медиа-кеңістігі жоспарлы түрде дамып келеді. Аймақта 71 бұқаралық ақпарат құралдары тіркеліп, жұмыс жасауда. Олардың 7-і электронды, 64-і баспа БАҚ *(оның ішінде 51 газет және 13 журнал, 14 аудандық басылым)*. Интернет желісінде баспа БАҚ-тың 5 веб-сайттары бар, «kyzylorda-news.kz» интернет-басылымы да өз жұмысын тиімді атқаруда.

Байқоңыр қаласында алғаш рет «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының тілшілер пункті ашылды.

Облыстық, қалалық және аудандық БАҚ-тарды бірыңғай Медиа-холдингіне біріктіру жұмыстары жүргізілді.

Сандық таратуға көшу жұмыстары жалғастырылуда. Бүгінгі таңда облыс бойынша «Отау ТВ» желісіне 30135 абонент қосылған.

Тұрғындарды ақпараттандыру және билік органдары жұмысының ашықтығы деңгейін көтеру мақсатында облыстық орталық коммуникациялар Қызметі құрылып, қала, аудан әкімдерінің басқарма басшыларының өзекті мәселелер бойынша брифингтері өткізілуде.

Азаматтық қоғам институттарымен сындарлы диалог жүргізу бағытында жұмыстар жалғастырылуда. Облыс әкімдігі, облыстық Азаматтық Альянс және «Игілік» корпоративтік қоры арасында үшжақты меморандум жасалды. Есепті кезеңде 37 жоба жүзеге асырылды.

Мысалы, «Ауғанстанда қаза тапқандарды еске алу» кешені толығымен қайта жаңғыртылды. «Діни ағымдар ықпалындағы азаматтарды теріс ұстанымдарынан шығару үшін үйлестіру орталығы» және оның «zhamagat-kyzylorda.kz» веб-порталы жұмыс жасайды.

Құқықтық тәртіп

Өңірде құқықтық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрақтылықты сақтау бірінші кезектегі маңызға ие.

Осы мақсатта ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға жыл сайын облыстық бюджеттен қаражат бөлініп келеді. 2013 жылы ІІД қосымша 100 бейнебақылау камерамен, 27 қызметтік көлікпен қамтылды.

Қабылдаған шаралар нәтижесінде жыл басынан бері 21401 түрлі құқық бұзушылық дерек анықталды және 1565 қылмыстың алды алынды.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды нығайту

Елбасының тапсырмасына сәйкес, әкімшілік реформаның кезекті кезеңі жүргізілді.

146 ауыл әкімдерінің сайлауы өтті: кент әкімдері – 136, ауылдық округ әкімдері – 12 және 2 аудандық маңызы бар қала әкімдері.

Сайлау нәтижесі бойынша ауыл әкімдерінің құрамы 20 пайызға жаңартылды.

Әкім аппараттарын нығайту үшін ауылдық деңгейге 230 штат бірліктері берілді. Нәтижесінде ауыл әкімі аппараты қаржыгер, статист, заңгер, ірі ауылдық округтерде жер мәселесі жөніндегі маман, ветеринария қызметкері, инфрақұрылымды дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және т.б мамандарымен нығайтылды. Сонымен қатар, өңірдегі тіректі елді мекендердің әкім аппараттары барынша штат бірліктерімен қамтылды.

Жаңа функциялары мен құзыреттерін түсіндіру мақсатында 165 ауылдық округ әкімдерін және қаржылық сала бойынша қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік сала қызметкерлерінің білімін жетілдіру және қайта даярлаудан өткізу орталығында біліктілігін арттырды.

«Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясы»

2013 жылдың желтоқсан айында қазақстандық және ресейлік ғалымдармен әзірленген Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясы бекітілді.

Бағдарламалық құжаттың негізгі мақсаты – облыстың әрбір елді мекеніндегі халықтың өмір сүруін жақсарту және орташа республикалық деңгейден төмен емес өңірдің дамуына қол жеткізу, артта қалушылықты жою мақсатында озық әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін облыс экономикасының құрылымдық өзгеруі.

Стратегия өңірді дамытудың 8 басым бағытын айқындайды:

1) Мұнай-газ саласын, металлургияны, уранды дамыту;
2) Өңдеу өнеркәсібін дамыту;
3) Кіші және орта кәсіпкерлікті дамыту;
4) Агроөнеркәсіптік кешенді барынша жан-жақты кеңейту;
5) Экологиялық ахуалды жақсарту;
6) Көлік логистикалық жүйесін қалыптастыру;
7) Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру;
8) Туризмді дамыту.

Тұтастай алғанда, қабылданған шараларды жүзеге асыру облыстың барлық негізгі көрсеткіштері бойынша оң қарқынды дамуын қамтамасыз ете отырып, өңірдің экономикалық ахуалын нығайтуға және маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді.

Қызылорда облысы бойынша 2013 жылы пайдалануға берілген нысандар тізімі

№	Нысанның атауы, орналасқан жері	Бюджет көзі	Құрылыс монтаж жұмыстарының жалпы сметалық құны (млн. теңге)	Басталған жылы, айы	Пайдалануға берілген мерзімі
1	2	3	4	5	6
	Арал ауданы				
1	Қарашалаң ауылындағы 100 орындық №75 мектеп	ОБ	349,195	желтоқсан 2012 жыл	29.11.2013 жылы № 75 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
2	Қаратерең ауылындағы 300 орындық мектеп	ОБ	490,416	желтоқсан 2009 жыл	23.10.2013 жылы Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
3	Қамыстыбас көлінің жағасындағы Қамбаш демалыс аймағы желілері	РБ	394,255	қараша 2012 жыл	20.09.2013 жылы № 53 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
4	Қарақұм ауылындағы дәрігерлік амбулатория	РБ	90,523	маусым 2013 жыл	13.11.2013 жылы № 65 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
5	Арал қаласы 4 - микроауданындағы коммуналдық өкілдік тұрғын үй құрылысы	ОБ	113,74	наурыз 2013 жыл	29.11.2013 жылы № 72 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
6	Сексеуіл кентіндегі әкімшілік ғимараты	ОБ	126,05	қазан 2012 жыл	03.07.2013 жылы № 40 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
7	Сапақ елді мекенінің сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту	РБ-90% ОБ-10%	100,425	наурыз 2013 жыл	19.11.2013 жылы № б/н Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
8	Жалаңаш елді мекенінің сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту	РБ-90% ОБ-10%	133,974	наурыз 2013 жыл	19.11.2013 жылы № б/н Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
9	Қосжар елді мекенінің сумен қамту жүйелерін қайта жаңғырту және кеңейту	РБ-90% ОБ-10%	121,872	наурыз 2013 жыл	15.11.2013 жылы № б/н Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
10	Ақбай елді мекенінің сумен қамту жүйелерін қайта жаңғырту және кеңейту	РБ-90% ОБ-10%	152,44	наурыз 2013 жыл	12.12.2013 жылы № б/н Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
11	Жақсықылыш кентіндегі сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту	РБ-90% ОБ-10%	28,23	наурыз 2012 жыл	26.08.2013 жылы №01 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
	Қазалы ауданы				
12	Әйтеке би кентіндегі 600 орындық №170 мектеп	РБ	812,818	қараша 2011 жыл	29.11.2013 жылы №70 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
13	Байқожа ауылындағы 20 орындық балабақшасымен 50 орындық №258 мектеп	ОБ	319,549	желтоқсан 2012 жыл	29.08.2013 жылы № 47 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
14	Қазалы қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы мұражай	ОБ	78,984	сәуір 2013 жыл	29.11.2013 жылы № 71 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
15	Пірімов ауылындағы дәрігерлік амбулатория	РБ	89,021	маусым 2013 жыл	28.10.2013 жылы № 59 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
16	Қожабақы ауылы дәрігерлік амбулатория	РБ	89,201	маусым 2013 жыл	28.10.2013 жылы № 61 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
17	Жанқожа ауылындағы дәрігерлік амбулатория	ОБ	86,974	маусым 2013 жыл	29.11.2013 жылы № 74 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
18	Басықара ауылындағы дәрігерлік амбулатория	ОБ	92,712	маусым 2013 жыл	28.10.2013 жылы № 60 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
19	Ақсуат елді мекенінің сумен қамту жүйелерінің құрылымдау	РБ-90% ОБ-10%	233,102	наурыз 2013 жыл	23.12.2013 жылы № 54 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
20	Ақсуат елді мекенінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы	РБ-90% ОБ-10%	37,145	наурыз 2013 жыл	23.12.2013 жылы № 53 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
	Қармақшы ауданы				
21	Төретам кентіндегі 600 орындық мектеп	РБ	808,095	желтоқсан 2011 жыл	29.08.2013 жылы №45 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
22	Көмекбаев ауылындағы 300 орындық мектеп	ОБ		2009 жыл	22.05.2013 жылы №01 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
23	Төретам кентіндегі ауылдық емхана	ОБ	210,848	сәуір 2012 жыл	28.06.2013 жылы №39 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
24	Ақай ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	ОБ	161,295	желтоқсан 2012 жыл	22.11.2013 жылы №67 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
25	Тұрмағамбет ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	ОБ	159,365	желтоқсан 2012 жыл	26.11.2013 жылы №69 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
26	Ақжар ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	ОБ	159,029	желтоқсан 2012 жыл	20.12.2013 жылы №76 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
27	Қорқыт ата кесенесіне сыртқы электр және су жүйесін жеткізу	РБ	203,985	желтоқсан 2012 жыл	21.10.2013 жылы №55 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
28	Жосалы кентіндегі тұрмыстық қатты қалдықтар тастайтын полигон	ОБ	34,306	маусым 2013 жыл	19.09.2013 жылы №51 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
29	Көмекбаев елді мекеніндегі су сорғы стансасын қайта жаңғырту (1-кезең)	ОБ	14,735	наурыз 2013 жыл	13.12.2013 жылы № 13 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
	Жалағаш ауданы				
30	Шәменов ауылындағы дәрігерлік амбулатория	РБ/ОБ	89,248	маусым 2013 жыл	16.08.2013 жылы №43 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
31	Жалағаш кентіндегі орталық аурухананың кәріз су жүйелері	ОБ	7,049	маусым 2013 жыл	20.09.2013 жылы №52 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
32	Таң елді мекенінің сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту	РБ-90% ОБ-10%	243,972	наурыз 2013 жыл	27.12.2013 жылы № 4 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
33	Жаңаталап елді мекенінің сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту	РБ-90% ОБ-10%	234,132	наурыз 2013 жыл	26.12.2013 жылы № 2 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
34	Еңбек елді мекенінің сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту	РБ-90% ОБ-10%	419,553	наурыз 2013 жыл	27.12.2013 жылы № 3 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
	Сырдария ауданы				
35	Іңкәрдария ауылындағы дәрігерлік амбулатория	РБ	72,952	маусым 2013 жыл	26.12.2013 жылы №79 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
36	Айдарлы ауылындағы дәрігерлік амбулатория	ОБ	86,951	маусым 2013 жыл	29.11.2013 жылы №73 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
37	Бесарық ауылындағы дәрігерлік амбулатория	ОБ	104,230	маусым 2013 жыл	21.10.2013 жылы №56 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
38	Тереңөзек қыстағындағы сумен қамту және су әкету жүйелерін қайта құрылымдау және кеңейту. (2-кезең)	РБ-90% ОБ-10%	1 180,700	наурыз 2010 жыл	27.12.2013 жылы № б/н Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
39	Тереңөзек қыстағындағы тұтынушы тұрғын үйлеріне су желісін жеткізу құрылысы	РБ-90% ОБ-10%	150,601	наурыз 2013 жыл	27.12.2013 жылы № б/н Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
	Шиелі ауданы				
40	Шиелі кентіндегі 600 орындық мектеп	РБ	798,437,22	желтоқсан 2011 жыл	24.12.2013 жылы №78 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
41	Қосүйеңкі ауылындағы 20 орындық балабақшасымен 50 орындық №84 мектеп	ОБ	315,588	қазан 2012 жыл	29.08.2013 жылы №44 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
42	Еңбекші ауылындағы 300 орындық мектеп	РБ	499,576	наурыз 2013 жыл	27.12.2013 жылы №83 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
43	Бірлестік ауылындағы 100 орындық №142 мектеп	ОБ	363,117	желтоқсан 2012 жыл	17.09.2013 жылы №50 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
44	Сұлутөбе ауылындағы дәрігерлік амбулатория	РБ	96,154	маусым 2013 жыл	23.10.2013 жылы №58 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
45	Жахаев ауылындағы дәрігерлік амбулатория	ОБ	86,615	маусым 2013 жыл	25.11.2013 жылы №68 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
46	Шиелі кентіндегі ауысымына 250 келушіге арналған емхана	РБ	1 473,495	желтоқсан 2012 жыл	23.12.2013 жылы №77 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
47	Шиелі кентіндегі "Шиелі Тас-Оңтүстік" ЖШС әк өндіру зауытының құрылыс салу мерзімінде ӘЖ-10 кВ желісін уақытша қосу жұмысы	РБ	54,96	қазан 2013 жыл	30.12.2013 жылы №88 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
	Жаңақорған ауданы				
48	Сунақата ауылындағы 600 орындық мектеп	РБ	771,250	қараша 2011 жыл	09.09.2013 жылы №48 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
49	Келінтөбе ауылындағы 900 орындық орта мектеп	РБ	1 456,734	наурыз 2012 жыл	12.08.2013 жылы №42 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
50	Түгіскен ауылындағы 600 орындық мектеп	РБ	778,545	сәуір 2011 жыл	26.12.2013 жылы №81 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
51	Қыраш ауылындағы 200 орындық мектеп	ОБ	473,775	наурыз 2013 жыл	13.11.2013 жылы №64 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
52	Сүттіқұдық ауылындағы 90 орындық "Желкен" балабақшасы	ОБ	225,827	қараша 2012 жыл	29.08.2013 жылы №46 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
53	Келінтөбе ауылындағы 90 орындық балабақша	ОБ	232,515	қыркүйек 2011 жыл	15.07.2013 жылы №41 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
54	Құттықожа ауылындағы фельдшерлік -акушерлік пункт	ОБ	38,779	маусым 2012 жыл	25.03.2013 жылы №34 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
55	Қыраш ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт	ОБ	39,527	маусым 2012 жыл	25.03.2013 жылы №35 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
56	Манап ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	ОБ	106,029	қыркүйек 2011 жыл	18.10.2013 жылы №54 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
57	Бірлік ауылындағы №55 мектебінің спорт зал, асхана, шеберхана құрылысы	ОБ	140,877	наурыз 2013 жыл	30.12.2013 жылы №87 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
58	Жаңақорған кентіндегі "Тату агро" ШҚ-ның томат өнімдерін өндіру цехы жобаланып жатқан сыртқы электр желілерінің құрылысы	РБ	332,208	қазан 2013 жыл	30.12.2013 жылы №89 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
59	Талап станциясы Манап ауылдық округінің сумен қамту жүйелерінің құрылысы	РБ-90% ОБ-10%	179,575	наурыз 2013 жыл	25.12.2013 жылы № 21 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
60	Кейден елді мекенінің сумен қамту жүйелерін кеңейту және жаңғырту	ОБ	200,904	наурыз 2013 жыл	27.12.2013 жылы № 12 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
	Қызылорда қаласы				
61	№4 мектепті кеңейту	ОБ	180,945	қараша 2011 жыл	26.12.2013 жылы №80 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
62	Бірқазан стансасындағы 20 орындық балабақшасымен қоса 50 орындық №145 мектеп	ОБ	295,492	наурыз 2012 жыл	18.11.2013 жылы №66 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
63	Талдыарал ауылындағы 100 орындық мектеп	ОБ	349,638	мамыр 2013 жыл	23.10.2013 жылы №57 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
64	Шанхай мөлтек ауданындағы 140 орындық балабақша	ОБ	361,546	қазан 2011 жыл	24.06.2013 жылы №38 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
65	Наурыз мөлтек ауданындағы 140 орындық балабақша	ОБ	305,828	қараша 2012 жыл	28.12.2013 жылы №85 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
66	Досан ауылындағы 100 орындық мектеп	ОБ	361,969	сәуір 2012 жыл	09.09.2013 жылы №49 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
67	Балқы базар көшесіндегі №5 емхананы кеңейту жұмыстары	ОБ	69,220	2010 жыл	12.06.2013 жылы №37 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
68	Махамбет ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	ОБ	137,866	мамыр 2013 жыл	30.05.2013 жылы №36 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
69	Қызылжарма ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	ОБ	160,43	сәуір 2013 жыл	30.10.2013 жылы №63 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
70	Облыстық Шығармашылық үйі	ОБ	658,340	ақпан 2013 жыл	30.10.2013 жылы №62 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
71	ЦКЗ аумағындағы өнеркәсіп алаңдарының инженерлік жүйелері мен автомобиль жолдарының құрылысы	РБ	600,361	наурыз 2012 жыл	03.01.2013 жылы №31 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
72	Іиркөл өңіріндегі трансформаторлық қосалқы станциясы мен электр тасымалдау желілерінің құрылысы	РБ	6,614	қараша 2012 жыл	03.01.2013 жылы №32 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
73	Қағаз өнімдерін шығару цехы нысанына сыртқы инженерлік желілерін жеткізу	РБ	10,847	қараша 2012 жыл	03.01.2013 жылы №33 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
74	"ЖанАрай-Жем" ЖШС-ның жобаланып жатқан нысанына инженерлік желілерді жеткізу	РБ	181,647	қазан 2013 жыл	30.12.2013 жылы №86 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
75	Титов қыстағындағы 24 пәтерлік тұрғын үй	ОБ	217,654	қазан 2013 жыл	27.12.2013 жылы №82 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
76	Қосшыңырау ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб	МБ	22,700	2013 жыл	20.12.2013 жылы №311 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
77	Назарбаев Зияткерлік мектебі	РБ	3 425,497	2011 жыл	2013 жылы Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
78	"Мұз айдыны" спорттық сауықтыру кешені	Бюджеттен тыс қаржы	1362,000	тамыз 2013 жыл	6.09.2013 жылы Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
79	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 18 пәтерлі №6 тұрғын үй	РБ	143,31	2012 жыл	Бұйрық №21 21.01.2014 жыл
80	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 24 пәтерлі №7 тұрғын үй	РБ	179,9	2012 жыл	Бұйрық №22 21.01.2014 жыл
81	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 24 пәтерлі №8 тұрғын үй	РБ	188,7	2012 жыл	Бұйрық №18 24.10.2013 жыл
82	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 24 пәтерлі №2 тұрғын үй	РБ	181,31	2011 жыл	Бұйрық №5 14.03.2013 жыл
83	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 18 пәтерлі №10 тұрғын үй	РБ	151,2	2012 жыл	Бұйрық №20 21.01.2014 жыл
84	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 18 пәтерлі №11 тұрғын үй	РБ	150,1	2012 жыл	Бұйрық №23 21.01.2014 жыл
85	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесіндегі 18 пәтерлі №12 тұрғын үй	РБ	149,8	2012 жыл	Бұйрық №26 21.01.2014 жыл
86	Астана м/а, 50 пәтерлі №8 тұрғын үй	РБ	346,43	2010 жыл	Бұйрық № 20 31.10. 2013 жыл
87	Астана м/а, 50 пәтерлі №10 тұрғын үй	РБ	358,82	2010 жыл	Бұйрық №6 27.03.2013 жыл
88	Астана м/а, 50 пәтерлі №11 тұрғын үй	РБ	365,51	2010 жыл	Бұйрық №24 21.01.2014 жыл
89	Астана м/а, 50 пәтерлі №13 тұрғын үй	РБ	361,08	2010 жыл	Бұйрық №19 21.01.2014 жыл
90	Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі 50 пәтерлі №5 тұрғын үй	РБ	385,46	2012 жыл	Бұйрық №25 21.01.2014 жыл
91	Қараөзек елді мекеніндегі сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту және бастоған ғимараттарын күрделі жөндеу	РБ-90% ОБ-10%	244,244	наурыз 2013 жыл	27.12.2013 жылы № 64 Мемлекеттік қабылдау Актісімен пайдалануға берілді.
92	"ПС-35/10 кВ "Жаңаарық", "Тасбөгет", "Районная котельная" қосалқы станцияларын қайта жаңғырту	РБ	1 044,000	тамыз 2012 жыл	27.12.2013 жылы Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.
93	Қорқыт ата әуежайына кіреберіс жолын асфальттау, жалпы ұзындығы 11,7 шақырым	ОБ	1 712,200	2013 жыл	
94	Жібек жолы көшесі Бекейхан көшесінен Сұлтан Бейбарыс көшесіне дейін асфальттау, жалпы ұзындығы 3,8 шақырым	ОБ	1 443,700	2013 жыл	
95	Сұлтан Бейбарыс көшесі, Жібек жолы көшесінен Сырдария өзенінен өтетін көпірге дейін асфальттау, жалпы ұзындығы 1,6 шақырым	ОБ	155,200	2013 жыл	30.11.2013 жылы №28 Мемлекеттік қабылдау комиссиясымен пайдалануға берілді.

ӨТКЕН ЖЫЛ – ӨРЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕР

Елбасы Сыр елінде. Қыркүйек, 2013 ж.

Соңғы жылдары облыс экономикасының қарқын ала бастағаны барлық саладан айқын сезіледі. Алдағы жылдармен салыстырғанда өткен жылы Сыр өңірінде құрылыс ерекше қарқын алды. Жүзге жуық әлеуметтік нысанның құрылысы басталып, олардың басым бөлігі өңір тұрғындарының игілігіне берілді. Айта кетейік, аймақта осы жылы да қызу қарқын сақталады деп күтілуде. Өйткені, облыстағы әлеуметтік сала және тұрғын үй құрылыстарын жүргізуге биыл да қомақты қаражат қаралып отыр.

Құрылыс саласына өткен жылы 28,1 млрд. теңге қаржы қаралған. Ал, салалық басқарма арқылы 99 нысанның құрылысын жүргізуге 21,1 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініпті. Мәселен, 2012 жылы облыста 86 нысанның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, оның 22-сі пайдалануға берілді. Ал, былтыр 99 нысанның құрылысы қолға алынып, жыл көлемінде оның 61-і тұрғындар игілігіне ұсынылған. Яғни, 2012 жылмен салыстырғанда 9 мектеп, 2 емхана, 3 мәдениет нысаны және "Бизнестің жол картасы" бойынша 7 нысан артығымен пайдалануға беріліп отыр.

Осы тұста уақытқа ұқыпты қарайтын облыс әкімі Қ.Көшербаевтың құрылыс саясатын жүргізуде қаражатты мерзімінде игеру мәселесі мен әлеуметтік нысандар сапасына ерекше көңіл бөліп отырғанын айтқан орынды болар. Міне, дер кезінде қолға алынған шаралар өз нәтижесін беруде. Бұған дейін созбұйдаға салынып, тоқтап тұрған құрылыстарға "жан" кірді. Мердігерлердің жауапсыздығы салдарынан "сақалды құрылысқа" айналған әлгі нысандарды облыс әкімі тікелей бақылауына алды. Бас мердігерлерге қатаң шаралар қаралып, бітпей тұрған нысандар түгелге жуық пайдалануға берілді. Қала іргесіндегі Талсуат ауылындағы 300 орындық интернат үйі, Түркістан көшесі бойындағы 1200 орындық мектеп және Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев ауылындағы білім ошақтарының жұмыс жасап жатқанына да біршама уақыт өтіпті.

Ал, білім беру саласындағы құрылыс жұмыстарына өткен 2013 жылы 9,5 млрд.-тан астам қаржы бөлініп, оған 40 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілді. Оның 32-сі мектеп, қалған 8-і – балабақша. Жыл соңына дейін 23 нысан пайдалануға берілгенін айта кетейік.

Біздің өңірдің тыныс-тіршілігінде күріш өсірудің орны ерекше.

Сыр бойында күріш өсірудің жылдар бойы қалыптасқан дәстүрі бар. Күріш өсіру арқылы талай азаматтың атағы алысқа шырқады, еңбекте ер атандырды. Жер-анадан нәпақа терген еңбек адамы қандай марапатқа да лайық. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында диқандар еңбегінің өтеуіндей болған марапат – Қазақстанның Еңбек Ері атағының сырбойылық Абзал Ералиевке берілуі қызылордалықтардың мәртебесін арттырды.

Күріш – Қызылорданың бренді. Бұл екі ұғымды бір-бірінен ажырағысыз еткен диқандар кезекті науқанға әзірлік үстінде. Сыр бойының атын әлемге әйгілеген күріш дақылын өсіру аймақтағы ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің негізгі тірлігі, атакәсібі десе болғандай. Бүгінде аграршылардың алдында күріш өндірісінің көкжиегін кеңейтіп, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетін арттыру міндеті тұр.

Өткен жылы құрылған күріш кластерін дамыту консорциумы Жалағаш элеваторын сатып алып, күріш өндірушілерге қаржылай көмек көрсетті. "АгроХолдинг" Байқоңыр" ЖШС өндірушілерден күріш сатып алып, егін жинау үшін шаруашылықтарға қаражат бөлді. Элеватор жұмысы одан әрі жандана түспек. Бұдан өзге субсидия, тыңайтқыш, су, техника, жанармайға қатысты күрмеулі мәселелер шешім тапты.

Өткен жылдан бастап «Аралтұздың» әлеуетін көтеруге нақты қадам жасалды.

Елбасы сырбойылық жас мамандармен бірге. Қыркүйек, 2013 ж.

«Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы аясындағы 30 пәтерлік тұрғын үй. Тамыз, 2013 ж.

Елбасы болған жаңа мұз айдыны. Қыркүйек, 2013 ж.

Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. Қыркүйек, 2013 ж.

Шағын және орта кәсіпкерліктің әлеуеті арта түсті

Жаңарған «Жібек жолы» 2013 ж.

Өткен жылы мәдениет саласында 8 нысан пайдалануға берілсе, соның бірі Жаңақорған ауданындағы Манап ауылдық клубы. Қазан, 2013 ж.

ӨРНЕК САЛҒАН ЖЫЛ

Өткен жылы егін шаруашылығын қолдауға мемлекет тарапынан 3 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінген. Нәтижесінде ақталған күріш көлемі мен экспортқа шығаратын өнім сапасы артты.

Осынау қамқорлықтың арқасында өткен жылы күріштен тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы рекордтық өнім жиналды. Гектарына орта есеппен 49 центнерден айналған өнім сырбойылық диқандардың мандай терінің өтеуі болуымен бірге ертеңге деген сенімін арттырды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – кез келген ел экономикасының басты міндеттерінің бірі. Себебі, шағын және орта бизнесті қалыптастыру негізінде жаңа жұмыс орындары ашылса, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейіп, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері пайда болады. Яғни, ел экономикасының дамуы, қоғамның тұрақтылығы артады. Бүгінгі күні шағын және орта бизнесті дамыту мемлекет саясатының басым бағыттарының біріне айналып отыр. Еліміздің экономикасын арттыруда өндіріс орындарының алатын орны айрықша. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі ағымдағы бағаларда 138,4 млрд. теңгеге айналған. Яғни, нақты индекс көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға артқан. Республика бойынша мұнайдың 13 пайызы біздің өңірдің үлесінде болса, күріштің 92,4 пайызы, күкірт қышқылының 17,2 және пластмастан жасалған құбырлардың 7 пайызын аймақ кәсіпорындары өндіруде.

Өркенді өндірісімен өңір әлеуетін арттырып, ілгерілетуде полимер құбырларын өндіруші «Қуат» ЖШС мен автокөлік дөңгелектерін қайта өңдеу арқылы резеңке ұнтақтары мен жерасты суару түтіктерін шығаратын өндіріс орнын атап өткен жөн. Ал, «Smart Rubber» ЖШС-ның бастамасымен жарамсыз дөңгелектерді кәдеге асыруды қолға алған зауыттың аймақтағы қадамы қарқынды. Құны 500 млн. теңгені құрайтын елімізде баламасы жоқ бұл жобаның қуаттылығы жылына 270 тонна резеңке ұнтағын, 440 тонна белсендетілген резеңке ұнтағын және 3,9 млн. метр жерасты суару түтігін шығара алады. Мұндай бастамашыл жобалар облысымызға керек-ақ. Өйткені, Елбасы Жолдауында айтылғандай, шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын аймақ экономикасының дамуы да орнықты болмақ.

Сонымен, өткен жыл осындай өрелі істерге толы болды. Бүгінде өңірдің қай ауданына немесе ондағы елді мекеніне бара қалсаңыз, тұрғындар облысымызда салынып жатқан әлеуметтік нысандар мен өзге салалар бойынша атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы қуана айтып жатады.

Автоматты газ тарату стансасы. Желтоқсан, 2013 ж.

Облыс әкімі Еңбек Ерлері Ш.Қазанбаева және А.Ерәлиевпен бірге

Өткен жылы облыста 19 мектеп пайдалануға берілді. Соның бірі Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мектеп. Желтоқсан, 2013 ж.

2013 жылы Сыр диқандары күріштің әр гектарынан 48,8 центнерден өнім жинап, тәуелсіздік жылдарында рекордтық көрсеткішке қол жеткізді

Қызылордада. Қызылжарма ауылдық клубы

Мүмкіндігі шектеулі жандарға мейірім шапағаты үзілмейді

Жаңақорғанда 76 орындық жаңа шипажай ашылды. Мамыр, 2013 ж.

Тау-кен өндірісінде төгеуріндi серпіліс бар

2013 жылы денсаулық саласында 17 нысан пайдалануға берілді. Соның бірі Шиелі аудандық жаңа емхана. Желтоқсан, 2013 ж.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ

индустриялық аймақтарды дамытуды жалғастыру;

басымды инвестициялық жобаларды жүзеге асырып жатқан кәсіпорындарға заңдылықтармен көзделген инвестициялық преференциялар және басқа да өнеркәсіптік жеңілдік алуға ықпал жасау;

облыстың ірі кәсіпорындарымен тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алуда жергілікті мазмұн үлесін ұлғайту бойынша шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасының Индустрияландыру картасына кемінде үш жаңа ірі жобаларды енгізуді қамтамасыз ету;

Үшінші және Төртінші «Байқоңыр» инвестициялық форумын өткізу;

Сыртқы экономикалық байланыстарды, оның ішінде Кедендік одақ елдеріндегі әріптестермен қарым-қатынасты арттыру.

Екінші. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау

Агроөнеркәсіп кешенінде басым бағыттар ретінде жаңа технологияларды қолдану мен күріш кластерін дамытуға басымдық беріледі.

Негізгі ауыл шаруашылығы салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында заманауи технологиялар, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімді сорттарын, алдынғы қатарлы ауыл шаруашылығы техникаларын енгізу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Егіс көлемдерін әртараптандыру, оның ішінде мал азығындық егін алқаптарын, майлы, бақша дақылдары, сонымен қатар картоп, көкөністер алаңын ұлғайту бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

Топырақты тамшылатып суаруды дамыту. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен әділ әрі нарықтық бағамен күріште сатып алу үшін «Байқоңыр» агрохолдингіне қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

Мал өнімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында:

облыстың фермерлік шаруашылықтарын қолдау мақсатында ірі қара малдың – қазақтың ақбас және әулиекөл жергілікті тұқымдарын сатып алу;

ветеринариялық бекеттер орналастыру үшін барлық ауылдық округтерде ғимараттар сатып алу.

Бірқатар инвестициялық жобалар бойынша басталған жұмыстарды аяқтау. Тәулігіне 80 тонналық құрама жем шығаратын зауытты, екі күріш өңдеу зауыттарын, 500 ірі қара басқа арналған екі мал бордақылау алаңдарын, сүт өңдеу цехын іске қосу, малды азықтандыру алаңын 200-ден 400 мал басына дейін кеңейту. Жаңақорған ауданында тоқтап қалған томат пастасын шығаратын кәсіпорынды іске қосу.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сатылу көлемін ұлғайту үшін аумақаралық және халықаралық қарым-қатынасты дамыту.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы шеңберінде жанар-жағармай, ауыл шаруашылығы тауарлар өндірушілеріне су жеткізіп беру қызметі, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыру, тыңайтқыштар құнын арзандатуды субсидиялау бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызды тауар түрлерінің бағаларын бақылау мақсатында маңызды тамақ өнімдерінің тұрақтандыру қорын қалыптастыру, әлеуметтік дүкендер желісін дамыту, сонымен қатар коммуналдық базар құру.

Аймақта экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші фазасын жүзеге асыруды жеделдету.

«Қызылорда қаласының төңірегінде жасыл белдеу құру бойынша жобалық жұмыстарын аяқтап, жұмысын бастау.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанында фитомелиоративтік жұмыстарды жалғастыру.

Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқарудың 2014-2040 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына Қызылорда облысы бойынша енген жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету.

1-бет

Жерлерді тиімді пайдалану мақсатында пайдаланылмай тұрған ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тарту бойынша қажетті шаралар қабылдау.

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы, Жалағаш, Шиелі, Қармақшы аудандарындағы жерлерді мемлекеттік орман қоры жерлері санатынан басқа санатқа ауыстыру бойынша жерге орналастыру жобаларын дайындау.

Үшінші. Көлік инфрақұрылымы

Көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуына және логистикалық қызмет секторының дамуы үшін:

«Қорқыт Ата» әуежайын қайта жаңғырту жұмыстарын қаржыландыру және оған «халықаралық» статусын беру мәселелерін шешу;

Қызылорда қаласында Сырдария өзені арқылы өтетін автомобиль жүру көпірі құрылысына республикалық бюджеттен қаржы бөлу мәселесін пысықтау;

облыстық маңыздағы «Жалағаш-Жосалы» 46,3-54 шақырым, 54-74 шақырым автомобиль жолындағы күрделі жөндеуді аяқтау;

Қызылорда қаласында және аудандардағы жолдарды жөндеу бойынша жұмыстарды жалғастыру;

жолдардың құрылысын салу және оларды жөндеуде заманауи технологияларды пайдалану.

Төртінші. Тұрмысқа қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету

Аймақтың тіршілік көзін қамтамасыз ететін инфрақұрылым саласын жақсарту мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Газдандыру саласы. Облыстың елді мекендерін және Қызылорда қаласын жеткілікті әрі үздіксіз газбен қамтамасыз ету мақсатында:

«ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» акционерлік қоғамы және «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамымен бірлесіп «Арысқұм» кен орнында газды дайындайтын құрылғы орнату, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырына қосатындай «Арысқұм-Жосалы» газ құбырының құрылысын жобалау және салу мәселелері бойынша жұмыстарды жалғастыру;

Қызылорда қаласындағы Қызылжарма ауылдық округінің және Тасбөгет кентінің перспективалық дамуы үшін газбен жабдықтау жұмыстарын бастау;

Сексеуіл, Қамыстыбас, Әйтеке би, Төретам, Ақай, Жосалы, Жалағаш, Белкөл, Шиелі, Тартоғай, Бала би, Мұстафа Шоқай, Жаңақорған, Сунақ ата, Бесарық кенттеріне кіреберіс және квартальішілік газ құбырларының желісі құрылысы бойынша жобалау жұмыстарын аяқтау.

Электр энергетикасы. Өңірді тұрақты электрмен жабдықтау үшін:

Сырдария аудандық электр стансасының аумағындағы Қызылорда қаласында электрмен жабдықтау жүйелерін дамыту бойынша жұмыстарды аяқтау;

Арал ауданындағы 110/35/10 кВ «Аральская», Қазалы ауданындағы 110/35/10 кВ «Ново-Казалинск» қосалқы стансаларын қайта жаңғыртуды бастау.

Жасыл экономиканы дамыту шеңберінде Жаңақорған ауданындағы қуаттылығы 50 МВт болатын электр стансасының құрылысы бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Иесіз қалған энергетикалық инфрақұрылым объектілерін Қызылорда электр тарату компаниясының басқаруына өткізу. Қызылорда электр тарату компаниясының дамуы үшін стратегиялық инвестор тарту бойынша жұмыстар жасау.

Сумен қамтамасыз ету. Облыс тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 20 жобаның іске асырылуын қамтамасыз ету. Оның ішінде, Қармақшы ауданының Жосалы, Ақай, Тұрмағамбет, Сырдария ауданының Ақжарма, Бесарық, Мәлібаев, Аманкелді, Шиелі ауданының Жөлек, Алмалы, Тәжібаев, Қызылорда қаласының Абай, Ақжарма, Айнакөл, Махамбет елді мекендерін сумен қамтамасыз ету жүйелерін қайта жаңғырту және кеңейту.

Шиелі ауданы Шиелі кентінің сумен жабдықтау жүйелерін және Қазалы ауданы Байқожа локалды су құбырын қайта жаңғырту жұмыстарын жалғастыру.

Шижаға, Қамыстыбас, Аманөткел, Аралқұм, Бөген, Жаңажол, Иіркөл, Алдашбай ахун, Қуандария, Көмекбаев, Қармақшы, Байқожа елді мекендерін, Жаңақорған ауданының Жаңақорған және Арал ауданының Сексеуіл кенттерін сумен қамту бойынша жобалау жұмыстарын жүргізу.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және абаттандыру.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының тиімді дамуы үшін облыстың аудандары мен Қызылорда қаласында көпқабатты тұрғын үйлеріндегі күрделі жөндеу жұмыстарын жалғастыру.

Жылумен қамту. «Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің жылу жүйесін кеңейту» жобасының құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау.

Бесінші. Шағын және орта бизнесті дамыту

Жалпы Еңбек Қоғамының экономикалық негізі ретінде шағын және орта бизнесті дамыту үшін келесі басымдықтарды айқындау:

әкімшілік кедергілерді төмендету;

агроөнеркәсіптік кешені мен туризмде шағын кәсіпкерлікті дамыту.

Аталған бағыт шеңберінде келесі іс-шараларды өткізу:

құрамына бизнес-инкубатор, тренинг-орталық және көрмелік кешен кіретін кәсіпкерлерді қолдау орталығын құру;

шағын несиелендіру тәжірибесін жалғастыру;

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің бойынан кемінде 8 сервистік инфрақұрылым кешенін салуға инвестицияларды тарту жұмыстарын бастау;

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру, оның ішінде пайыздық төлемдерді субсидиялау, несиелер бойынша ішінара кепілдендіру, валюталық төуекелдерді төмендету, гранттар бөлу, кәсіпкерлердің бизнестерін жүргізуге сервистік қызмет көрсету, тікелей және негізгі нәтижелерге қол жеткізу;

кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша жұмысты күшейту;

Қызылорда қаласындағы өнеркәсіп алаңын дамыту;

жұмыс жасамайтын шағын және орта бизнес субъектілерін жабу бойынша жұмыстарды жүргізу.

Кәсіпкерліктің бұқаралық түрлерін дамыту үшін агроөнеркәсіптік кешен, құрылыс материалдарын шығару, туризм, кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы басымды салаларда пилоттық жобаларды жүзеге асыру, оларды сүйемелдеу және көбейтуді қамтамасыз ету.

Ресейлік әріптестермен бірлесіп «Байқоңыр» кешенінде туризм инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесінің қонақтарын қабылдау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп шағын және орта бизнесті дамытуға шаралар қабылдап, оның жалпы өңірлік өнімдегі өнім үлесін ұлғайту.

Алтыншы. Әлеуметтік жаңғыруды дамыту

Білім және ғылым. Білім саласында маңызды басымдық ретінде апаттық жағдайдағы мектептер мәселесін шешу, дуалды кәсіптік-техникалық білімді дамыту және мамандар дайындауды айқындау.

6730 орынға арналған 21 орта мектептің құрылысын аяқтау:

Арал ауданының – Сарбасат ауылында 20 орындық балабақшасы бар 50 орынға арналған мектеп, Қосаман, Жіңішкекум, Құмбазар ауылдарындағы 100 орынға, Тоқабай ауылындағы 140 орынға, Бөген, Бекбауыл ауылдарындағы 200 орынға арналған мектептер;

Қазалы ауданының – Сарыбұлақ, Аранды ауылдарындағы 100 орынға, Әйтеке би кентіндегі 600 орынға арналған;

Сырдария ауданының – Шаған ауылындағы 900 орынға арналған;

Шиелі ауданының – Майлытоғай ауылындағы 150 орынға, Бестам ауылындағы 300 орынға және Шиелі кентіндегі 1200 орынға арналған;

Жалағаш ауданының – Жалағаш кентіндегі 300 орынға арналған;

Жаңақорған ауданының – Талап бекетіндегі 100 орынға, Кейден ауылында 140 орынға, Қыраш ауылында 200 орынға, Жайылма ауылында 250 орынға, Сүттіқұдық ауылындағы 600 орынға арналған;

Қызылорда қаласының – «Қорқыт ата» мөлтек ауданындағы 900 орынға арналған мектептер.

Қызылорда қаласының «Ипподром» мөлтек ауданында, Шиелі ауданының Бала би ауылында 900 орынға арналған, Сырдария ауданының Шіркейлі ауылында 600 орынға арналған орта мектептердің құрылысын бастау.

Мемлекеттік білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында:

оқушыларды тамақтандыру сапасын арттыру, бірінші және екінші сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

орта мектептердің бастауыш сыныптарын «Эрисман» парталарымен қамтамасыз ету;

мектеп жасындағы балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру;

дарынды балаларды терең дамыту үшін облыста академик Ш.Есенов атындағы қосымша білім беру орталығын құру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үйін жаңұя типтес балалар ауылы етіп қайта құру.

Балабақшаларды ашу бойынша жұмыстарды жалғастыру. Жыл аяғына қарай 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамтуды 86 пайызға жеткізу.

1350 орынға арналған 6 балабақшаны пайдалануға беру:

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде, Қармақшы ауданының Төретам кентінде, Арал қаласында, Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылында 280 орынға арналған;

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде 140 орынға арналған;

Арал ауданының Жаланаш ауылында 90 орынға арналған балабақша.

Мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық әдістерді енгізу, оның ішінде «Монтессори» білім беру кабинеттерімен қамту.

Дуалды және техникалық білім беру жүйесін құру мақсатында:

аймақтық экономиканың қажеттілігіне қарай колледждерде 10 жаңа мамандық ашу мәселелерін пысықтау;

12 колледжде дуалды оқытуды енгізу бойынша жұмыстарды жалғастыру;

кәсіптік-техникалық білім берудің 3 заманауи ұйымдарын ашу (Металлургиялық бағыттағы колледж, тренинг орталығы, (мұнай газ бағытындағы) «КазАтомПром» Ұлттық Атом компаниясы» акционерлік қоғамының колледжі). Осы мақсатта Шиелі ауданының Шиелі кентіндегі индустриалды-аграрлық колледжіне күрделі жөндеу жүргізу, мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде тренинг орталығын құру мәселелерін мұнайгаз компанияларымен пысықтау.

Педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында:

кем дегенде 500 мұғалім, инженер-педагогтардың және өндірістік оқу шеберлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру. Білім беру ұйымдарының кем дегенде 100 жетекшілерін ең үздік оқу орталықтарына біліктілігін арттыруға жіберу;

математика пәні бойынша мұғалімдердің облыстық форумын өткізу;

техникалық және кәсіптік білімді дамыту орталығын құру мәселелерін пысықтау;

Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы техникалық жоғары оқу орындары мен шетелдік университеттермен қарым-қатынасты кеңейту.

Жоғары білімді және ғылымды дамыту. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында халықаралық стандарттар бойынша кадрларды дайындауды қамтамасыз ететін алдыңғы қатарлы өңірлік оқу орнын құру бойынша жұмыстарды бастау. Мәскеу Ұлттық «Московский институт стали и сплавов» зерттеу-техникалық университетімен және Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетімен бірлесіп университетте металлургиялық кәсіп бойынша мамандықтар мен кафедралар ашу мәселелерін пысықтау. Өңір экономикасы үшін басымды бағыттарына қарай қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту. Бұл жұмысқа шетелдік және қазақстандық жетекші ғалымдарды тарту.

Негізгі ауыл шаруашылығы салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында заманауи технологиялар, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімді сорттарын, алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы техникаларын ендіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Егіс көлемдерін әртараптандыру, оның ішінде мал азығындық егін алқаптарын, майлы, бақша дақылдары, сонымен қатар картоп, көкөністер алаңын ұлғайту бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

Аталған бағыт шеңберінде келесі іс-шараларды өткізу:

құрамына бизнес-инкубатор, тренинг-орталық және көрмелік кешен кіретін кәсіпкерлерді қолдау орталығын құру;

шағын несиелендіру тәжірибесін жалғастыру;

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің бойынан кемінде 8 сервистік инфрақұрылым кешенін салуға инвестицияларды тарту жұмыстарын бастау;

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайына күрделі жөндеу және реэкспозициялық жұмыстар жүргізу.

«Қорқыт ата» кешеніне қайта жаңғырту жұмыстарын бастау.

Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және зерттеу мақсатында:

облыстың мәдени мұраларын Дүниежүзілік ЮНЕСКО Мұралар тізіміне енгізілу бойынша жұмыстарды жалғастыру;

Сығанақ, Жанкент, Шірік-Рабат қалашықтарына археологиялық зерттеулер жүргізу.

Өңірдің шығармашылық әлеуетін жандақты пайдалану үшін облыстық театры жанынан жастар труппасын және Қызылорда облыстық филармониясының жанынан камералық оркестр құру.

2014 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

Облыс орталығында көркем галереясын ашу.

Облыстық драма театрдың жаңа ғимараты құрылысының жобалау алды құжаттарын әзірлеу.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайына күрделі жөндеу және реэкспозициялық жұмыстар жүргізу.

«Қорқыт ата» кешеніне қайта жаңғырту жұмыстарын бастау.

«Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің дамуына ықпал ету.

Өнірлік компаниялармен және ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық ғылыми жұмыстарды жүргізуліеріне ықпал етіп, марапаттап отыру.

Денсаулық сақтау. Тұрғындардың әлеуметтік көңіл-күйін жақсарту мақсатында денсаулық сақтау саласында негізгі басымдықтар болып алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, кадрлардың біліктіліктерін арттыру, аурулардың алдын алу айқындалсын.

Медициналық қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру үшін:

Жалағаш ауданының Жалағаш кентінде, Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде, Қармақшы ауданының Жосалы кентінде ауысымына 250 адам қабылдайтын аудандық емханалар, Арал ауданының Сексеуіл кентінде ауысымына 100 адам қабылдайтын аудандық емхананың;

Қазалы ауданының – Ақсуат, Жалантөс, Мұратбаев, Түктібаев, Шиелі ауданында – Бидайкөл, Қармақшы ауданында – Ақай, III Интернационал, Сырдария ауданында – Шіркейлі және Қызылорда қаласында – Қызылжарма, Махамбет елді мекендеріндегі дәрігерлік амбулаториялар құрылысын аяқтау.

Қызылорда қаласында 200 орынға арналған облыстық балалар ауруханасының құрылысын бастау.

Жалағаш ауданының Жалағаш кентінде 150 орынға арналған орталық аудандық аурухана құрылысын бастау мәселесін пысықтау.

Мамандандырылған 10 медициналық ұйымдарға, оның ішінде облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы, облыстық тері-веневрологиялық диспансері, Тасбөгет кентіндегі қалалық туберкулезге қарсы диспансері, Қазалы және Шиелі аудандарындағы туберкулезге қарсы диспансерінің Сырдария және Шиелі аудандарында орталық аудандық ауруханалардың, Жалағаш ауданының Мәдениет ауылындағы ауылдық ауруханаңың ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу.

Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі орталық аудандық аурухана құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу.

Қызылорда қаласында 175 орындық онкологиялық аурухана құрылысының жобаалды жұмыстарын аяқтау.

Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету үшін:

төрт ауылдық (Жаңақорған ауданының Келінтөбе, Бірлік, Қожакент ауылдарында, Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылында) аурухана ашу;

медициналық ұйымдарды толықтыру үшін қосымша штаттар бөлу.

Елді мекендердегі өз алдына ғимараттары жоқ медициналық пункттердің орналасу мәселесін шешу.

Ерте бастан аурудың алдын алу мақсатында әлеуметтік маңызды аурулар (қант диабеті, қан айналым аурулары, глаукома, жатыр мойнында, сүт безінде, қуық безінде, өңеш, асқазан, бауырда жаңадан пайда болған ісіктер) бойынша скринингтік зерттеулер жүргізуді жалғастыру.

Тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, өзінің денсаулығына деген жауапкершілікті арттыру бойынша санитарлық-ағартушылық жұмыстарды күшейту.

Облыстық перинаталдық орталық базасында жасанды ұрықтандыру әдісін енгізу бойынша жұмыстарды жүргізу.

Облыстың денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық құралдармен жабдықтауды жалғастыру.

Бекітілген нормативтерге сәйкес медициналық ұйымдарды санитарлық және мамандандырылған көлікпен қамтамасыз ету.

Кем дегенде 550 дәрігер мен 1300 орта буын медицина қызметкерлерін біліктілік арттыру курстарына жіберу.

Спорт. Бұқаралық спортты дамыту және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін:

Премьер Лига чемпионатына және Қазақстан Республикасы Кубогына «Қайсар» клубының дайындығына және қатысуына ықпал ету;

Қазақстан Республикасының құрама командасына, оның ішінде конькиде мәнерлеп сырғанау бойынша спортшылар дайындау;

мүгедек спортшыларды шәкіртақымен, спорттық киімдермен, құрал-жабдықтармен және арнайы көлікпен қамтамасыз ету;

мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық (қалалық және аудандық) спорттық жарыстар ұйымдастыру.

Облыс тұрғындарын бұқаралық спортпен қамту көлемін арттыру бойынша шаралар ұйымдастыру.

Барлық спорт мектептерін спорттық киіммен және құрал-жабдықтармен, сонымен қатар 7 спорт мектебін автокөлікпен қамтамасыз ету.

Жаңақорған ауданының Жаңақорған кентінде, Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде спорттық-сауықтыру кешенінің, Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылында стадион құрылысын бастау.

Мәдениет және тілдерді дамыту. Мәдениетті дамытудың басым бағыттары болып кәсіби-мәдени ұжымдарды құру және ауылдарда мәдениетті дамыту айқындалсын.

Облыс орталығында көркем галереясын ашу.

Облыстық драма театрдың жаңа ғимараты құрылысының жобалау алды құжаттарын әзірлеу.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайына күрделі жөндеу және реэкспозициялық жұмыстар жүргізу.

«Қорқыт ата» кешеніне қайта жаңғырту жұмыстарын бастау.

Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және зерттеу мақсатында:

облыстың мәдени мұраларын Дүниежүзілік ЮНЕСКО Мұралар тізіміне енгізілу бойынша жұмыстарды жалғастыру;

Сығанақ, Жанкент, Шірік-Рабат қалашықтарына археологиялық зерттеулер жүргізу.

Өңірдің шығармашылық әлеуетін жан-жақты пайдалану үшін облыстық театры жанынан жастар труппасын және Қызылорда облыстық филармониясының жанынан камералық оркестр құру.

Тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуін жақсарту үшін:

түркі тілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты фольклорлық музыка фестивалін өткізу;

Сабира Майқановаңың 100 жылдығына арналған республикалық театр фестивалін өткізу;

Астана қаласында Қызылорда облысының күндерін өткізу;

«Сабан той-2014» республикалық мерекесін өткізу.

Дарынды жастар мен шығармашылық ұжымдарды қолдау мақсатында облыс әкімінің гранттарын тағайындау.

Ауылдық Мәдениет үйлері мен клубтарды штаттармен нығайту. Құрал-жабдықтар алу бойынша жұмыстарды жүргізу.

Мемлекеттік тілдің дәрежесін жоғарылату мақсатында:

жергілікті атқарушы органдардың құжат айналымдарында мемлекеттік тілді қолдануды 100 пайызға жеткізу бойынша жұмыстар жүргізу;

«Қазтест» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді үйрету тәжірибесін жалғастыру;

үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, Қазақстанда тұратын халықтардың тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін насихаттау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

Қазақстан халқының тіл мерекесіне орай «Тіл – татулық тірегі» облыстық фестивалін өткізу.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау. Жалпы Еңбек Қоғамын құру және әлеуметтік жаңғырту шеңберінде жұмыссыздық деңгейін 5,1 пайызға дейін төмендетуге шаралар қабылдау.

Жыл ішінде кем дегенде 9,5 мың тұрақты жұмыс орнын ашу.

Бизнестің қолдауымен халықтың мақсатты топтарын «Ақниет» әлеуметтік әріптестік бағдарламасы шеңберінде шағын несиелендіру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Аз қамтылған отбасынан шыққан студенттердің білім алу қызметін төлеу үшін гранттар көлемін 300-ге дейін жоғарылату.

Мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыру, оның ішінде:

бизнес қауымдастығымен бірлесіп мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстарды жүргізу. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін бос орындар жәрменкесін өткізу тәжірибесін ендіру;

жеке сауықтыру бағдарламаларының 100 пайыз орындалуын қамтамасыз ету;

мүгедектер үшін кедергісіз орта құру бойынша жұмыстарды жалғастыру, атап айтқанда, пандустарды орнату. Жаяу жүргіншілер өтетін жерлерді дыбыстық және жарықтық құралдармен қамту және жол белгілері мен көрсеткіштерін орналастыру;

мүгедектерге әлеуметтік такси қызметтерін ұсынуды жалғастыру;

жалпы типтегі Мүгедектер мен карттар үйі және «Әлеуметтік үйі» ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу;

Талсуат кентінде 300 орынға арналған жүйке аурулар интернаты үйінің құрылысын аяқтау бойынша шаралар қабылдау;

Қызылорда қаласы мен аудандар орталықтарындағы емдеу-профилактикалық үйымдарда мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажеттілігіне бейімделген арнайы стационарлық палаталар ашу, мүгедектердің қажеттілігіне қарай жабдықталған арнайы кабинеттерді ашуды бастау;

халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын, мүгедектер мен карттардың қоғамдық ұйымдарын қолдау мақсатында үкіметтік емес ұйымдар арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру тәжірибесін жалғастыру.

Аймақтық дамудың басым бағыттары болып облыстық орталық – Қызылорда қаласын, Байқоңыр қаласын және тіректі елді мекендері: Арал ауданының Сексеуіл, Жаңақорған ауданының Түгіскен, Жалағаш ауданының Мәдениет, Шиелі ауданының Еңбекші, Қазалы ауданының Жаңқожа батыр, Сырдария ауданының Ақжарма, Қызылорда қаласының Тасбөгет, Қармақшы ауданының Төретам кенттерін айқындау қажет.

Жетінші. Аймақтық даму

Аймақтық дамудың басым бағыттары болып облыстық орталық – Қызылорда қаласын, Байқоңыр қаласын және тіректі елді мекендері: Арал ауданының Сексеуіл, Жаңақорған ауданының Түгіскен, Жалағаш ауданының Мәдениет, Шиелі ауданының Еңбекші, Қазалы ауданының Жаңқожа батыр, Сырдария ауданының Ақжарма, Қызылорда қаласының Тасбөгет, Қармақшы ауданының Төретам кенттерін айқындау қажет.

Қызылорда қаласын одан әрі дамыту мақсатында жолдарды, тротуарларды жөндеуді және көшелерді жарықтандыруды жалғастыру. Аулаларды абаттандыру, оның ішінде спорттық және балалар алаңдарының құрылысын бастау.

Облыс орталығын газбен қамтамасыз ету мақсатында көшелер бойында газ тарату жүйесі жоқ жеке тұрғын үй секторларының учаскелеріне дейін газ құбырын жүргізуді жүзеге асыру.

Облыс орталығының тұрғындарын жылумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның кенейту мен қайта құру және Қызылорда қаласындағы жылу желілерін қайта жаңғырту бойынша жоба алды құжаттарды әзірлеу.

Жеке тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жаңғырту және кезеңдік дамуын қамтамасыз ету.

Пәтер иелері кооперативтерінің қызметін жақсарту бойынша шаралар қабылдау.

Облыс орталығының сәулеттік келбетіне, сонымен қатар жарнамалар және фасадтардың ішкі келбетіне қойылатын талаптарды күшейту.

Қызылорда қаласы Сырдария өзені сол жақ жағалауының толық жоспарлау жобасын бекіту.

Халық көп баратын жерлерде, әсіресе базарлар, дүкендер, дәріханалар мен тұрақтарда және т.б. жерлерде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына бақылауды күшейту.

Қызылорда қаласының коммуналдық қызметтерін қажетті арнайы техникамен нығайту.

Сырдария өзенінің оң жақ жағалауын нығайту бойынша құжаттамаларды әзірлеу. Қызылорда қаласында «Мұнайшы» мөлтек ауданын салу жобасын әзірлеуді бастау.

«Евразия» спорт кешенін күрделі жөндеу және Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу.

«Байқоңыр» кешенін бірлесіп пайдалану бойынша 2014-2016 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыруды бастау, 2014-2016 жылдарға арналған Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша Кешенді жоспарды бекіту мәселесін пысықтау.

Ресеймен бірлесіп «Байқоңыр» кешенінде туризм инфрақұрылымын дамыту бойынша Бағдарламаның әзірленуін қамтамасыз ету.

Қаржыландырудың барлық көздері есебінен тіректі елді мекендерді кешенді дамытуды қамтамасыз ету, оның ішінде әлеуметтік нысандардың күрделі жөнделуі және құрылысы, тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту, көшелерді абаттандыру. Бұл ауылдарда «зәкірлі» жобалардың жүзеге асуына және шағын кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету. Сомасы 5 млн.теңгеге дейін шағын несиелер беру.

Ауылдық елді мекендерге қажетті мамандарды тарту мақсатында «Дипломмен – ауылға!» жобасы аясындағы жұмыстарды жалғастыру.

Сегізінші. Жергілікті мемлекеттік басқаруды дамыту және қауіпсіздікпен қамтамасыз ету

Мемлекеттік басқару. Барлық деңгейдегі әкімдердің қызметін бағалаудың негізгі критерийлері ретінде салық салу базасын кеңейту, тұрақты жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау айқындалсын.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және ауылдық округ әкімдерінің барлық өкілеттіліктерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Тұрақты түрде мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүргізу.

Мемлекеттік сатып алу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган құру мәселелерін пысықтау.

Мемлекеттік қызмет көрсету және ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету.

Тұрғындардың компьютерлік сауаттылық деңгейін 56 пайызға дейін жоғарылату.

«Қызылорда облысы әкімдігінің ситуациялық орталығы» бағдарламалық-аппараттық кешенін құру (ҚОӘ СО БАК);

«Е-лицензиялау» және «Электронды әкімдік» ақпараттық жүйелеріндегі электронды қызметтер үлесін арттыру. «Электронды үкімет» порталы арқылы көрсетілетін электронды қызметтердің үлесін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау әдістерін ендіру, оның ішінде мемлекеттік органдарда ID-Phone нөмірлерін орнату, көрсетілетін қызметтердің сапасын анықтаудың орталықтандырылған жүйесін, сонымен қатар теле және СМС арқылы дауыс беруді ендіру.

Электронды үкіметтің «Е-әкімдік» өнірлік шлюзі мен «Электронды мұрағат» ақпараттық жүйесін біріктіру. Мұрағат құжаттарын сандық форматқа көшіру бойынша жұмыстарды жалғастыру. Қызылорда қаласында «Мұрағаттар үйі» құрылысын бастау.

Қоғамдық қауіпсіздік, құқықтық тәртіп және азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу.

Жасөспірімдер қылмыстылығының деңгейін төмендету бойынша кешенді шараларды іске асыру.

Үкіметтік емес ұйымдарды белсенді тарта отырып, қоғамда бұзақылыққа, қоғамға қарсы тәртіп көрсетушілікке төзбеуді кенінен насихаттау.

Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту бойынша жұмыстарды, оның ішінде арнайы автокөліктермен, компьютерлермен және тағы басқа да техникалармен қамтамасыз етуді жалғастыру.

Толық жаңғыртуды жүргізу және жедел басқару орталығының өткізу қабілеттілігін арттыру.

Тіректі елді мекендерде участкелік полиция (2014 жылы басымды болып табылатын) бөлімшелерінің құрылыс жобаларын әзірлеу.

Азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда хабарлау және жою мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың ведомствоаралық әрекеттестігін күшейту.

Төтенше жағдайларда құтқару жұмыстарын жүргізу үшін арнаулы құралдар мен жедел әрекет ететін автокөлік сатып алу.

Күздік-қыстық кезеңде Сырдария өзенінде қауіпсіз су тасу кезеңін өткізуді қамтамасыз ету мақсатында қорғаныш дамбыларын қалпына келтіру және күшейту бойынша жұмыстарды жүргізу.

Қаржы. Бюджеттік жоспарлауды экономикалық жоспарлау негізінде жүзеге асыру.

Бюджет қаражаттарын экономикалық прагматизм және тұрғындардың әлеуметтік хал-жағдайына әсер ету ұстанымына сүйене отырып бөлу.

Даму бюджетінің үлесін 30 пайызға дейін жеткізу.

Барлық жергілікті атқарушы органдарда бюджет қаражатын тиімді пайдалануға ішкі бақылауды күшейту.

Облыстың дамуындағы маңызды мәселелерді, оның ішінде елді мекендердегі әлеуметтік және тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарды дамытуды шешу мақсатында салық салу базасын кеңейту бойынша мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізу.

Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы әрекет ету Кешенді жоспарын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдігінің сайтында «Халықтық бақылау» WEB - бетін ашу.

Барлық ауылдық округтерде салық төлеушілер терминалдарын орнату.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасаумен қатар шағын және орта бизнес субъектілерінен салық жинау бойынша басқарудың сапасын арттыру.

Тоғызыншы. Қоғамдық-саяси тұрақтылық

Конфессияаралық диалогтың, ұлтаралық келісімді сақтау мен өңірдегі азаматтық бейбітшіліктің дамуына ықпал ету.

Мемлекет пен азаматтық қоғамдық институттардың қарым-қатынасын нығайту.

Болашақ ұрпақты «Мәңгілік Ел» – Жаңа Қазақстандық Патриотизм идеяларына үйрету мен тәрбилеуге баулуды қамтамасыз ету.

Облыстық жастарды қолдау орталығын ашу. «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдік бірлестіктерін дамыту. Жастарға арналған ғылыми орталықтың қызметін ұйымдастыру.

Еңбекақының уақытылы төленуін бақылауды қамтамасыз ету, жергілікті және шетелдік мамандардың еңбекақысында әділетсіз дифференциялау фактілерін болдырмау.

СЫР ЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ИГІЛІГІН ИЕЛЕНУДЕ

БІЛІМ БЕРУ БЕЛЕСІНДЕГІ БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР

Сыр жұртшылығының әл-ауқатының артып, адам санының артуына орай уақыт өткен сайын облыс білім ұйымдарының желісі де өсіп келеді. Бұдан бес жыл бұрын аймақта жалпы орта білім беретін мектеп саны 289 болса, өткен жылы оның қатары екі жаңа мектеппен, Қармақшы ауданы Төретам кентіндегі №269 және облыс орталығындағы Наурыз елді мекеніндегі №268 мектеппен толықты. Ал биылғы жыл басынан бастап жұмыс істеп тұрған білім ордалары қатарына Шиелі ауданындағы №270 мектеп келіп қосылды. Балалар құзырына берілген жаңа мектептер соңғы үлгідегі заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылып, оқушылардың толыққанды білім алуына сай жасалуда. 2011 жылы өңірде – 9, келесі жылы 7 мектеп үш ауысымда оқыса, өткен жылы бұл тіркес білім саласы мамандарының сөздік қорынан біржолата алынып тасталды. Себебі, өткен жылдың өзінде ғана 11 мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Оның 9-ы – апаттық, 2-і оқушы орнының тапшылығына орай салынған. Сонымен қатар жас ұрпаққа сапалы білім беру мақсатында жалпы білім беретін орта мектеп оқулықтарын жергілікті бюджет есебінен кезең-кезеңімен қайта басып шығарып, барлық оқушыны оқулықпен толық қамтамасыз ету жүзеге асырылды.

Өткен оқу жылында Ұлттық бірыңғай тестілеуде оның алдындағы жылмен салыстырғанда ілгерілеушілік бары байқалды. Мәселен, облыс 2012 жылы ҰБТ қорытындысында ең соңғы орында болса, өткен жылы 73,4 балл жинап,11 орынға көтерілді. «Алтын белгіге» үміткерлердің 66-сы өз білімдерін дәлелдеп шықты. Өткен жылы облыстың 44 оқушысы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысып, оның 24-і жүлделі орындарды иеленді. Ал республикалық пәндік олимпиада мен ғылыми жоба сайыстарында 25 оқушы жеңімпаз танылды. Бұл оның алдындағы жылдармен салыстырғанда едәуір жоғары көрсеткіш саналады.

Өткен жылдың тағы бір айта кетер жаңалығы, облыс әкімінің қолдауымен аймақтың 43 үздік мұғаліміне 1 миллион теңгеден сыйақы берілгені еді. Сонымен қатар, өңірге қажетті мамандықтарға орай тұрмысы төмен отбасынан шыққан 123 мектеп түлегіне еліміздің жоғары оқу орындарына оқу үшін облыс әкімінің білім гранты табыс етілді.

Жаңақорған ауданындағы жыл бойы жұмыс жасайтын облыстық олимпиадалар орталығында биылғы мектеп түлектерін ҰБТ-ға дайындау мақсатында қазан-желтоқсан айларында 642 мектеп бітіруші 5 ауысыммен арнайы курстан өткізіліп, олардың орташа көрсеткіші 5,3 пайызға жақсарды. Алдағы мерзімде оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру, балалардың қосымша білімімен қамтылуын көбейту мақсатында облыстың білім беруді дамытудың жол картасына сәйкес барлық аудан, қаланың жалпы орта білім беретін мектептерінен баланың жеке бас ерекшеліктері мен оның тұрып жатқан аумағын ескере отырып, спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтарды ашу жоспарлануда. Облыста инновациялық технологияларды өндіретін және дарынды балалардың терең білім алуын қамтамасыз ететін Ш.Есенов атындағы 150 орындық қосымша білім беру орталығының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Сонымен қатар, Арал ауданы Шижаға елді мекенінен – 50, Қазалы ауданындағы №170 мектеп ғимаратынан – 100, Жалағаш ауданынан – 150, Сырдария ауданы Аманкелді ауылынан – 30, Жаңақорған ауданы Келінтөбе ауылынан – 100, Түгіскен ауылынан – 125, Төменарық елді мекенінен – 25, облыс орталығындағы №267 мектеп жанынан 100 балаға өнер, әуез, мектептерінің филиалдарын және спорт бағытындағы үйірмелер ашу жөнінде тиісті орындарға ұсыныстар берілді. Оларға жұмсалатын қаржы көлемі есептеліп, алынатын құрал-жабдықтар сараланды. Егер осы ғимараттар бәрі өз дәрежесінде жұмыс істесе, мектеп оқушыларының түгелге жуығы қосымша білім беру орталықтарына тартылатын болады.

Осыдан екі жыл бұрын ғана аймақта мектепке дейінгі ұйым саны 449 болса, қазір олардың саны 508-ге жетті. Соңғы бір жылдың көлемінде, яғни 2012 жылдың қыркүйегі мен 2013 жылдың қазан айына дейін облыста мектепке дейінгі 59 ұйым ашылып, оған 3-6 жастағы балалардың 80,9 пайызы қамтылған.

Білім саласы едәуір жақсарып, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру ісі ілгерілеп келеді. Заманауи техникалармен, бағдарламалық құралсаймандармен толық жарақтандырылған білім ордалары болашақ мамандарын даярлаудың алғышарттарын іске асырып келеді. Бүгінгі мектеп оқушысы ертеңгі Қазақ елінің керегесін кеңейтіп, уығын түзейтін, әл-ауқатын жақсартып, шаңырағын биіктететін жанашыр азаматы болары хақ. Сондықтан да оларға берілетін білім мен тәрбие, жасалатын қамқорлық уақыт өткен сайын жаңартылып, жетілдіріле беретін болады.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

АУЫЛДЫҚ АУРУХАНАЛАР АЯҒЫНАН ТҰРДЫ

Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында, «Біз ұлт денсаулығын жақсарту ісінде едәуір ілгерілеуге қол жеткіздік. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін оны ұйымдастыру, басқару мен қаржыландыру жұмысы реформаланды» деген болатын. Биылғы дәстүрлі тарихи құжатта да әлеуметтік салаға әдеттегідей көңіл бөлінгені белгілі. Соның ішінде, медицина қызметкерлеріне нақты тапсырмалар берілді. Алға қойылған мақсат – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену.

Осы орайда елімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның ішінде біздің Сыр өңірінде де облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан іргелі істер баршылық. Әсіресе, ана мен бала өлімжітімін, туберкулез, қатерлі ісік аурушаңдығын төмендету, мектеп және мектепке дейінгі балаларды сауықтыру, ауыл тұрғындарына тәулік бойы стационарлық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін облыста денсаулық сақтау саласының 2013-2014 жылдарға арналған «Жол картасы» бекітіліп, оған 4,4 млрд. теңге қаражат қаралды.

Әлеуметтік саналатын туберкулез аурушаңдығы өткен жылдың қорытындысы бойынша 100 мың тұрғынға шаққанда 2012 жылмен салыстырғанда 92,8-ден 85,1-ге төмендеген. Соңда да болса, таралу қаупі басым ауруды төмендете беру мақсатында туберкулезбен емдеу ұйымдарын жалпы тұрғындармен қарым-қатынаста болдырмау үшін 2,5-3 метр қоршау жасау, туберкулезбен емдеу ұйымдарында санитарлық талаптарға сәйкес желдетпе сору жүйелерін орнату, мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, медициналық құрал-жабдықтармен, тегін дәрідәрмекпен қамтамасыз ету қарастырылды.

Ауылдық стационарлық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында бұрын жабылып қалған ауылдық ауруханаларды қайта ашу жолға қойылды. Мәселен, өткен жылы 9-ы, атап айтқанда, Арал ауданында Қамыстыбас ауылдық ауруханасы, Қазалыда Қожабақы, Бозкөл ауылдық ауруханалары, Қармақшыда Көмекбаев, III Интернационал ауылдық ауруханалары ашылса, Жалағаш ауданында Аққыр, Қаракеткен ауылдық ауруханасы, Сырдарияда Аманкелді, Шиелі ауданындағы Сұлутөбе, Жаңақорғанда Талап, Келінтөбе, Бірлік, Қожакент ауруханалары қайта ашылып, ел игілігіне қызмет етуде. Оларға жергілікті бюджеттен 315,1 млн. теңге бөлінген. Ал үстіміздегі жылы төрт ауылдық аурухана іске қосылады деп күтілуде. Сондай-ақ, 2013 жылы Қармақшы ауданындағы Төретам кентінде ауылдық емхана, Шиелі ауданында ауысымына 250 келушіге арналған емхана, Талсуатта «Республикалық балаларды оңалту орталығының» филиалы пайдалануға берілсе, облыс бойынша 15 дәрігерлік амбулатория ел игілігіне қызмет көрсетуде. Бұл ауылдық емханаларда, амбулаторияларда тұрғындардың күндіз қажетті ем-домдарын алуына барлық жағдай жасалған.

Облыстағы жедел-жәрдем станциясының материалдық-техникалық ахуалын жақсарту да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Өткен жылы халық санына қарай Арал ауданында бір, Қызылорда қаласында екі бригадалық топ ашылды. Бұл күнде қала орталығынан жедел-жәрдем орталығын салу үшін тиісті құжаттар дайындалу үстінде. Жалпы, заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтауға 2013 жылы 922,7 млн. теңге бөлініп, оған мамандандырылған 26 санавтокөлік және компьютерлі тамограф, тағы да басқа құрылғылар алынған. Қалалық аурухана базасында нейроинсультті бөлім ашылып, оған жедел инсультті анықтайтын компьютерлі тамограф қойылған.

Өңірімізде денсаулық сақтау саласына жасалып отырған осындай қолдаулар нәтижесінде сала жыл сайын даму үстінде. Бүгінгі таңда түрлі күрделі оталардың жергілікті жерде жасалуы сөзіміздің нақты дәлелі бола алады. Мәселен, 2013 жылы облыстық медицина орталығының кардиохирургия орталығында 369 ота жасалған. Оның ішінде, ашық жүрекке 105 ота жасалса, урология бөлімінде 124 күрделі ота жасалса, травматологиялық – 54, сонымен бірге ОМО жанындағы нейроинсультті орталығында 53 күрделі ота жасалғанын мақтанышпен айтуға болады.

Мемлекеттің басты байлығы адам десек, адамның басты қазынасы – денсаулығы. Ендеше дені сау адам ғана мемлекеттің байлығы, ұлт болашағы болып табылатыны белгілі. Осыны ескерген біздің елімізде қазақстандықтар саулығын сақтау, тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекпен қамту мақсатында көптеген іргелі істер атқарылып келеді. Саланы қаржыландыру да жыл сайын арта түсуде. Мәселен, біздің облыстың өзінде 2012 жылы саланы қаржыландыруға 19 млрд. теңге жұмсалса, 2013 жылы ол 21 пайызға артып, 23 млрд. теңгені құрады. Биылғы жылдан бастап саланы қаржыландыру республикалық бюджеттен шешіледі дегенмен, ағымдағы жылы қосымша жергілікті бюджеттен 12 млрд. теңге бөлінір отыр. Ол әрине, саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, дәрі-дәрмекке, өзге де мақсаттарға жұмсалмақ.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-қақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қаттатылып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 25763
Тапсырыс № 146



СЫР СПОРТЫНДАҒЫ СЕНІМДІ ҚАДАМ

Сыр өңірінің спорт саласындағы серпіліс өзге өңірлердегі жұртшылықты қызықтырып отыр. Туған топырақтан қуат алып, төрткүл дүниенің тарландары тайталасқа түскен тартысты бәсекелерде топ жарған түлектер жылма-жыл көбейіп келеді. Өткен жылы да табыссыз болған жоқпыз. Қандай жарысқа алып барсаң да, сыр бермейтін сырбаз спортшылар үйде отырып тілеуін тілеген ағайынды толайым қуанышқа кенелтті. Сондай-ақ, біздің өңірде жаңа ғимараттар есігі айқара ашылып, жергілікті өрендердің салауатты өмір салтын серік етуіне мүмкіндік туды. Тағы бір қуанарлығы, біздің облыс бұрын тек жазғы спорт түрлерінен ғана түрлі жарыстарға қатысып келгені белгілі. Енді олардың қатарына қысқы сайыс түрлері де қосылды. Былтыр қаржылық мәселеге байланысты бірінші топта ойын көрсетуге мәжбүр болған Қызылорданың «Қайсары» арадағы жылдық үзілістен кейін үздіктер қатарына қайта қосылды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аталмыш салаға лайықты қолдау көрсетіп келеді. Дүниежүзілік жарыста елдің абыройын көтерген спортшыларға қамқорлық жасап, оларға материалдық тұрғыдан да жәрдем берді.

Осыдан үш-төрт жылдай бұрын Сыр аймағында дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде облыс халқының 7,2 пайызы айналысатын еді. Өткен жылы бұл көрсеткіш 22,3 пайызға көтерілді. Осының нәтижесінде ол республикалық орта көрсеткіштен жоғарылады. Аймақта бұқаралық спортты кеңінен жандандыру мақсатында облыс басшысының тапсырмасымен барлық аудан орталықтарында, елді мекендерде футбол алаңдары, шағын спорт кешендері салынуда. Мәселен, соңғы бес жыл көлемінде облыстың 120 елді мекенінде 245 шағын спорт алаңы ел игілігіне айналды. Былтыр сондай орынның 79-ы пайдалануға берілді. Бұқаралық спортты дамытуға облыстың 138 елді мекенінде 275 спорт нұсқаушысы белсене жұмыс істеп келеді.

Қуанарлығы, облыстың барлық ауданындағы стадион күрделі жөндеуден өткізілді. Ал Арал мен Қармақшы ауданында жаңадан стадион салынды. Бірқатар аудандарда «Спорт клубы» қазыналық кәсіпорындары құрылып, жұмыс істесе, Сырдария ауданында көгалдағы хоккей клубы жасақталды. Өткен жылы облыста қазіргі бессайыс, байдарка және ескек есу секілді жаңа спорт түрлері қатарға қосылды.

Расы керек, бұрын біздің облыста қысқы спортқа көңіл бөлінген емес. Тіпті, оны өрендер армандай қоймайтын. Жергілікті жастар тек спорттың жазғы түрлерінен жүлделі орындардан көрінді. Енді олар үскірігі бет қарыған жыл мезгілінде де осылайша салауатты өмір салтын ұстанатын болды. Облыс орталығының көрікті жерінде қоныс тепкен «Мұз сарайы» кешенінде қызылордалық тұрғындар да бос уақытын көңілді өткізе алады. Жабық мұз айдынында спорттың мәнерлеп сырғанау және басқа да түрлерімен айналысуға болады. Еліміздің оңтүстік өңірінде қоныс тепкен Қызылорда облысы үшін қысқы спорт түрлерін дамыту елді еленделтеген ерекше оқиға болды. Аталмыш орында өрендер мәнерлеп сырғанау, шорт-трек және шайбалы хоккейдің қыр-сырына қанығып алады.

Жақында спорт кешенінде шайбалы хоккейден бөлімше ашылды. Ендігі кезекте жергілікті жасөспірімдерге хоккейдің қыр-сырын білікті бапкер Талғат Әкімжанов үйретеді. Айтпақшы, бізде мәнерлеп сырғанау спорты да қанатын кеңге жаятын болады. Қазір бұл мақсатта арнайы үйірме жұмыс істейді. Оған қызығушылық танытып жүрген өрендер саны аз емес. Бәлкім, олардың арасында келешекте күллі жұртты қуанышқа бөлейтін ұл-қыздар бар шығар-ау.

Спорттың осы түрінен қазірдің өзінде біршама жетістіктерге жетіп жүрген Элизабет Тұрсынбаева деген жас өреніміз бар. Ес білген кезінен мұз үстінде мәнерлеп сырғануды үйренді. Тек сонымен шектеліп қалған жоқ. Жылдар өткен сайын шеберлігін жетілдіріп келеді. Әрине, ол қазіргі таңда шетелдерде жүр. Биылғы қысқы Олимпиадада бақ сынаған жоқ. Әзірге мұндай дүбірлі додаларда бақ сынауға жасы келе қоймаған.

Қызылорданың «Қайсары» 2012 жылы Премьер-Лигада ойын көрсетті. Тоғызыншы орынға табан тіреді. Алайда, біріншілік мәреге жеткеннен кейін ұжымды қаржы тапшылығы қыспаққа алды. Соның салдарынан аталмыш клуб үздіктер тобындағы орнынан айырылып, бірінші топқа қарай сырғуға мәжбүр болды. Өткен жылдың басында облыс басшысы қызметіне келген Қырымбек Көшербаев бірден-ақ «Қайсарға» қамқорлық жасады. Соның нәтижесінде команда дүбірлі додаға тыңғылықты дайындық жасауға мүмкіндік алды. Түркияда оқу-жаттығу жиындарын өткізіп қайтты. Осылайша қысқа уақытта біздің ұжым сол тығырықтан шықты. Команда алдына қайтадан Премьер-Лигаға оралу мақсат етіп қойылған еді. Сол міндет үш тур бұрын орындалды.

Жарты ғасырға жуық шежіресі тарих беттеріне қатталған «Қайсар» бұған дейін мұндай қамқорлыққа қол жеткізе алмай келді. Команда үздіктер қатарында ойнағанымен, шешілмеген түйткілі сан алуан еді. Атап айтқанда, біздің клубтың материалдық-техникалық базасы жұтаң тартып келгені жасырын емес. Маусым басталарда командаға жаңадан автобус тарту етілді. «Қайсардың» базасы жөндеуден өткізіледі. Өзге де олқылықтар орнына келтірілді. Бұл футболшыларға үлкен демеу болды деп нық сеніммен айта аламыз. Осындай қамқорлық жігіттердің жігеріне жігер қосып, өздеріне деген сенімділігін арттырды.

Облыс әкімі команданың өз алаңындағы ойындарын арнайы келіп тамашалады. Бұрынғы жылдарда жергілікті басшылар оған көңіл бөле бермейтін. Осының өзі аймақ жетекшісінің спорт саласын дамытуға деген ізгі ниетін аңғартса керекті. Мұндай сәттерде футболшылар жігерленіп ойнайды. Соның нәтижесінде «Қайсар» қарсылас шақ келтірген жоқ десек те артық емес. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында басшылық қызметте болған Хасан Бектұрғанов сынды ағамыз әрдайым стадионға келіп, командаға қолдау білдіргенін жергілікті жанкүйер әлі күнге дейін айтады. Ендеше, облыс әкімі Қырымбек Елеуұлының бұл ізгілікті өнегесін өзгеге үлгі етіп көрсетуге тұрарлық.

Биыл «Қайсардың» алдына үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Біріншілікте жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, Қазақстан кубогына қол созу жоспарда тұр. Әрине, алдымызда мақсат бар, оны бағындыру оңай шаруа емес. Қазір сол бағытта жұмыстар жүргізілуде. Біріншілікке тыңғылықты дайындалу мақсатында білікті маман қызметке шақырылды. Бүгінгі күні командаға қазақстандық маман Дмитрий Огай жетекшілік етеді. Оның кезінде Қостанайдың «Тобылы» мен Павлодардың «Ертіс» клубтарын қандай деңгейге көтергенін жергілікті жанкүйерлер жақсы біледі. Тәжірибесі мол маманның биыл қызылордалық клубпен бірге толайым табыстарға кенелсек деген жоспары бар.

Осылайша Сыр спортындағы серпіліс дүйім елдің көңілінен шығып отыр. Талай талантқа алтын тұғыр болып, көптеген жүйрікті тәрбиелеп шығарған біздің облыс биігінен төмендемейді деген сенімдеміз.

Әділжан ҮМБЕТ.